- **Аналитика:** Электронная торговля позволяет бизнесам собирать и анализировать данные о своих клиентах и продажах, что позволяет им лучше понимать своих клиентов и улучшать свои продукты и услуги.

- **Инновации:** Рынок электронной торговли является одним из самых инновационных секторов экономики, что позволяет бизнесам использовать новые технологии и разрабатывать новые продукты и услуги, что может привести к увеличению прибыли и росту бизнеса.

По данным исследования компании eMarketer на 2021 год, Китай является лидером в мире по объему электронной коммерции, с ожидаемым доходом более 2 трлн. долларов (рис.1).

На примере Китая как самого крупного игрока на рынке, я постараюсь объяснить за счет каких факторов он значительно опережает другие страны?

Это связано с несколькими факторами:

- Китай имеет огромную и быстро растущую популяцию, которая является ключевым фактором для развития электронной коммерции. Более 1,4 миллиарда человек живут в Китае, и они все потенциально являются клиентами электронной коммерции.

- Китай имеет сильную инфраструктуру электронной коммерции, включая быструю и доступную доставку, широкий выбор онлайн-магазинов и множество цифровых платежных систем. Китайские потребители также имеют высокую степень доверия к онлайн магазинам и электронным платежным системам, что дает им большую уверенность при совершении онлайн-покупок.

- Китай имеет динамичную экономику с растущими заработными платами и расширяющимся средним классом, что позволяет потребителям потратить больше денег на онлайн покупки.

- Наконец, Китай также является центром мирового производства и имеет развитую экспортную инфраструктуру, что способствует росту международной торговли через онлайн-платформы.

За Китаем следуют США, Япония, Великобритания и Южная Корея. Все эти страны ожидают иметь доходы от электронной коммерции свыше 500 млрд. долларов.

Можно с уверенностью сказать, что рынок торговли находится в постоянном движении и изменении. Современные технологии и новые подходы к бизнесу приводят к появлению новых трендов, которые оказывают значительное влияние на отрасль. Некоторые из этих трендов, такие как увеличение онлайн торговли и использование искусственного интеллекта в процессах продаж, уже стали неотъемлемой частью современного рынка. Однако, несмотря на все эти изменения, важно помнить, что основы торговли остаются неизменными. Это качественный товар, хорошее обслуживание и установление доверительных отношений с клиентами. Только такие компании могут оставаться успешными в долгосрочной перспективе.

Таким образом, следуя основным принципам торговли и учитывая современные тренды, компании могут эффективно развиваться и адаптироваться к изменениям на рынке. Будущее торговли остается неопределенным, но одно можно сказать наверняка - только те, кто готовы к постоянным изменениям и инновациям, смогут оставаться конкурентоспособными в долгосрочной перспективе.

Заключение

Таким образом, можно отметить, что текущие тренды развития электронной торговли оказывают влияние на мировую экономику. Отмечается внимание на рост мобильной торговли, усиление конкуренции, улучшение технологий, внедрение искусственного интеллекта и другие факторы, которые формируют современный рынок электронной торговли. Было проведено исследование с использованием статистических данных, которое подтверждает рост электронной торговли во всем мире и показывает, что она остается одним из самых динамично развивающихся секторов экономики.

Библиографический список

1. Анализ рынка розничной электронной коммерции в Республике Казахстан <https://www.pwc.com/>
2. Точки роста e-commerce в Казахстане
3. <https://kapital.kz/>
4. Тренды электронной коммерции <https://www.agora.ru/>
5. Тенденции и аналитика, как растёт рынок e-commerce в Казахстане Список крупнейших компаний электронной коммерции <https://dknews.kz/>
6. Список крупнейших компаний электронной коммерции <https://businessyield.com/>
7. Преимущества электронной торговли <https://www.iris.kz/>
8. Каковы преимущества и недостатки электронной коммерции <https://www.actualidadecommerce.com/>
9. Будущее ecommerce <https://vc.ru/>

ҚАЗАҚСТАНДА МЕНЕДЖМЕНТ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Молдагазина Э., Қазақ технология және бизнес университеті, 3 курс, Астана қ.

Ғылыми жетекші - *Қашқинбаева К.*, аға оқытушы, Астана қ.

Резюме: *На сегодняшний день исследуется и требует дополнительного исследования теоритические, а также прикладные аспекты Казахстанского менеджмента. Знание истории менеджмента играет важную роль при формировании профессионального знания и управленческой мысли менеджера.*

Summary: *At the present day, and requires an extra isleduetsya research in theory and practical aspects of Kazakhstanian management. Knowledge of the history of management plays an important role in the formation proffessionalnogo knowledge and management thought the manager.*

Экономиканың нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты жаңа типті басқару кадрлары дайындау және олардың жанаша ойлау қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, кадрларды кәсіби тұрғыдан, әсіресе, менеджмент саласына лайықты дайындау мемлекеттің ұзақ мерзімді экономикалық саясатының құрамдас бөлшегі болуы тиіс. Нарық жағдайында түбегейлі өзгерістерге ұшырайтын кәсіпорындар мен фирмалар деңгейінде бұл проблема үлкен мәнге ие болады. Өткір бәсекелестік жағдайындағы кәсіпорынның өміршендігін қамтамасыз ету үшін фирманы “дәстүрлі түрде” емес, жанаша

басқарып үйрену қажет. Ең алдымен, адамдарды жаңаша басқара білу керек. Бұның өзі нарықтың конъюнктураны алдын-ала болжап бағалай білетін, дер кезінде стандартты емес басқару шешімдерін қабылдап, оларды іс жүзіне асыратын ұжымда алатын, жаңа типті басшы –менеджерлерді дайындауды талап етеді. [1]

Қазіргі менеджментке қатысты көтеріліп отырған мәселелер ауқымы алуан түрлілігімен және көп қырлылығымен ерекшеленеді. Алайда осы уақытқа дейін Қазақстан экономикасының ерекшелігін ескеретін менеджмент әдісі бізде толық зерттелмей келеді. Сондықтан осы бағыттағы ізденістерді экономиканың нарықтық қатынастарға көшу кезеңінен бері қарай бірнеше жыл бойы жүргізіп келеміз.

Қазақстан баспаларынан шыққан менеджмент жағдайы туралы әдебиеттерді атап өтпеу орынсыз болар еді. Олар –Ахметов К.Ғ., Ә.Ә. Әбдірешев, Бердалиев К.Б., Жұмаев Ж.Ж., Кәренов Р.С., Мамыров Н.К., Өмірзақов С.Ы., Ювица Н.В. және т.б. Бұл ғалымдардың әрқайсысы қазіргі менеджменттің жекелеген аспектілерін зерттеді.

Менеджмент ғылым ретінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болып, өзінің дамуында бірнеше кезеңі басынан кешірді. Экономикалық әдебиеттерде басқару ойының алғашқы қарқыны “тейлоризм” деген ағыммен байланысты екені айтылады.

Қазақстанның басқару ойлары тарихының тамырлары ғасырлар қойнауынан бастау алады. Жүздеген жылдар бойы басқару ойы біртіндеп жетілдірілді. Менеджментке деген қажеттілік адамның және оның біріккен қызметінің пайда болуына байланысты туды. Мемлекетті басқару жөнінде біздің еліміздің дамуының әрқилы кезеңіндегі әртүрлі міндеттер өткенімізге үлкен әсер етті және бүгінгі күні де Қазақстанның басқару ойының қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізуде. [3]

X-XII ғасырларда басқару саласындағы алғашқы ойшылардың бірі Әбу-Насыр Әл-Фараби(870-950) болды. Ол жұлдыздар мен басқа табиғи құбылыстарға қарай отырып, мемлекеттің, шаһарлардың болашағы мен бағыныштылардың тағдырын болжамдаған әміршілердің жалған көріпкелдігін ғылыми негізде дәлелдеді. Оның адамзат қоғамының шығуы, мемлекеттік құрылыс және басшыға талап қою туралы идеялары ерекше қызығушылық тудырып отыр. Қазіргі кезде Қазақстан ғалымдары Әл-Фарабидың ғылыми мұраларын терең зерттеу мақсатында Отырар қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізуде.

Тауке хан (1680-1715) әмірлік құрған дәуірде неғұрлым прогрессивті мемлекет және рухани қайраткерлер Төле би (1663-1756), Қазыбек би (1667-1763) және Айтеке би (1682-1766) болды. “Жеті жарғы” деп аталатын заң жинақтарында олар мемлекетті басқару жөніндегі өз пікірлерін мазмұндады, мұнда орта ғасырлық қазақ қоғамындағы негізгі принциптер мен құқық нормалары бекітілген. “Жеті жарғы” - бұл әкімшілік, азаматтық және қылмыстық құқықтардың нормаларын мазмұндаған құжат яғни қазақтардың заңдар мен қарапайым құқық нормаларының алғашқы жазба жинағы болып табылады. “Жеті жарғыға” сәйкес мемлекеттегі жоғарғы билік ханның қолында шоғырланды. Басқару халықтық жиналыс-құрылтай арқылы сұлтандардың және ру басшыларының қатысуымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік басқару саласындағы кезекті идеолог және қайта құрушы Әбілхайыр хан (1693-1748) болды. Ол жеке хандық құрып, Қазақстанның далалық аудандарының ауқымды территориясында қырық жыл бойы мемлекеттік билікті ұстап тұрды. Алайда, Әбілхайыр хандығы орталықтанған мемлекет болған жоқ, ол бірнеше этнотерриториялық және этносаия топтарға, ұлыстарға бөлінді.

XVIII ғасырдың ортасында экономикалық саясат пен мемлекеттік басқару жүйесінің дамуында Қазақстанның территориялық иеліктерін қалпына келтірген көрнекті мемлекеттік қайраткер Абылай хан (1711-1781) маңызды роль атқарды. Өзінің онжылдық басқару кезеңінде ол мемлекетте біраз өзгерістерді жүзеге асырды. [4]

XIX ғасырда Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткерлерінің арасында ғалым-ағартушы Ш.Уәлиханов (1835-1865) маңызды орын алды. Ол орыс ағартушылары мен революцияшыл-демократтарының алдыңғы қатарлы идеяларын қабылдады. Сонымен бірге патшаның отаршылдық саясатын айыптап, олардың қоғамдық-мәдени артта қалуын орыс мәдениетінен сусындау жолында жеңу үшін күресті, қазақтардың отырықшылық пен егін шаруашылығына көшуін насихаттады. Ш.Уәлиханов ағарту ісі мен жеке реформалардың ролін асыра бағалай отырып, басқару облысындағы үкімет шаралары көшпенді ауылдар өмірінің қайта құрылуына ықпал етуі мүмкін деп жорамалдады. Ш.Уәлихановтың мемлекетті басқару жөнінде ұсынған демократиялық идеяларын қазақтың басқа ағартушы-демократтары Ы.Алтынсарин (1841-1889) мен А.Құнанбаев (1845-1904) әрі қарай дамытты.

XX ғасыр мемлекеттік басқару саласындағы қазақ зиялылары өкілдерінің шоғырымен ерекшеленеді. Олар: Ә. Жангелдин, Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқаев, Л. Мирзоян, О.Исаев, Ұ.Құлымбетов, С. Меңдешев, Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, Ғ. Токжанов, О. Жандосов, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І. Жансүгіров және т.б. Торғай облысында - Ә. Бөкейханов, Жетісуда- М.Тынышпаев, Түркістанда –М. Шоқа-

ев қазақ халқының өкілдері уақытша үкіметтің комиссарлары болып тағайындалды. Бірақ олар отарлаушы басқару жүйесінің шенеуіктері болып табылғандықтан жергілікті қазақ тұрғындарының мәселелерін толық шеше алмады.

Қазіргі заманғы менеджменттің қалыптасу тарихы мен дамуын ХХ ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап қарауға болады. Алғашқы қазақ инженер-менеджері, өндірісті ұйымдастырушысы Қ.И. Сәтпаев (1889-1964) болды. Ол бірінші кеншілердің еңбек өнімділігі мен адамдардың еңбекке деген мотивация мәселелерін, жұмысшылардың, кәсіподақтардың кәсіпорындармен және Балқаш пен Жезқазғанның тау-кен байыту комбинаттарындағы еңбек процестерімен байланысты сұрақтарын шешті. Оның басқару стиліне тән ең маңызды ерекшелік, ол зерттелінетін нақтылы материалдарды терең ғылыми жүйелеу мен жалпылау болатын. Бұл жерде нағыз білгірдің әдеттен тыс басқару ойы көрінеді. [2]

Қазақстан экономикасын мемлекеттік басқарудың дамуына көрнекті ғалым, қоғамдық және мемлекеттік қайраткер Д.А. Қонаев (1912-1993) ерен үлесін қосты. Ол қырық жылдан астам уақыт бойы республиканы басқарды, оның ішінде ширек ғасырдан астам елдің бірінші басшысы болды. Д.А. Қонаев Қазақстан экономикасын басқарған кезеңде республика бұрынғы КСРО-ның ірі агро-өнеркәсіптік аймақтарының біріне айналды. Мұнда елдегі түсті металлургияның негізгі базасы орналасты, ауқымды жылу-энергетикалық кешен әрекет етті, мұнай өндірудің үлкен потенциалы болды.

ХХ ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстан экономикасындағы басқару ситуациясы айтарлықтай өзгерді. Нарықтық жүйе басқарудың әкімшілік –бұйрықтық әдістерін ауыстырады. Осының нәтижесінде кәсіпорындар шаруашылық дербестік пен сыртқы нарыққа шығу перспективасын алды. Қазақстанда мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру курсы қолға алынды. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2004 жылы 19 наурызда Қазақстан халқына Жолдауында былайша айтылған: “Мемлекет жаңа жұмыс орындарын ашады, адамның өз қабілет мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды, халықтың табысының өсуіне қамқорлық өсуіне қамқорлық көрсетеді”.

Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымына ену қарсаңында біз басқару шешімдері салаларындағы да ғаламшарлық бәсеке алдында тұрмыз. Президент мемлекеттік қызметкерлерге мына принциптерді басшылыққа алу қажет деп есептейді.

- а) халық берген биліктің қызығына түспей, оған иелік ете білу керек;
- ә) өзін үшін пайданы көздемей, өзін қызмет ететін қоғамның игілігі туралы ойлау қажет;
- б) “мемлекеттік қызметкер қалай тұрып жатырсың?” деген сұрақтан қорықпай өмір сүруі керек;
- в) адамдардың сенімін жоғалтпайтындай етіп басқару керек.
- г) лауазымға істі кәсіби түрде жүргізе алатындарды ұсыну керек.

Қазіргі жағдайда біздің еліміздің тұрақты дамуының басымды бағыты Қазақстан экономикасында қазіргі менеджментті қолдану жөнінде теориялық тұжырымдама жасақтау болып табылады. Менеджментті қоғамдық мәнділігі біздің ХХ ғасырдың 30-шы жылдары сезілді. Қазақстанның жоғары оқу орындарында менеджмент 1992 жылдан яғни нарықтық экономикаға көшу сәтінен бастап оқытылады. Мемлекетте дүние жүзілік білім стандарттарына жауап беретін менеджмент саласы бойынша мамандар дайындау жөнінде жұмыс басталды. Қазіргі кезде білім мен кадрларды кәсіби дайындау мемлекеттің экономикалық стратегиясының құрамды элементтері болып табылады. [7]

Қазақстанда менеджмент пәні бойынша алғашқы қазақша оқулық профессор К.Ғ. Ахметовтың “Менеджмент негіздері” (1993ж) кітабы болып есептеледі. Біздің пікірімізше, ол қазақстандық менеджмент мектебінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Біздің отандастарымыздың арасынан “Менеджмент негіздері” (1994ж), “Қазақстан экономикасын басқару негіздері” (2001ж) жұмыстарының авторы К.Б. Бердалиевті де атауға болады. Осы еңбектерінде ол қазақстандық кәсіпорындарды басқару ерекшеліктерін мазмұндады.

Қазақстанда кадр менеджментінің мәселелерін алғаш рет қарағандылық ғалым Каренов Р.С зерттеді. Одан басқа “Өндірістік менеджмент” (1996ж), “Инновациялық менеджмент” (1997ж) атты еңбектерінде нарықтық экономикасы жағдайындағы кадрлармен жұмыс жүргізудің отандық тәжірибесін қорытты және біздің еліміздің кәсіпорындарында позитивті шетел тәжірибесін пайдалану жөнінде кейбір пікірлерін ұсынды. Қазақстандық кәсіпорындар тұрғысынан өндірістік менеджменттің теориялық аспектілері Ә.Ә. Әбдірешевтің “Кәсіпорынның өндірістік менеджменті” (2001ж) кітабында келтірілген. Оның еңбегінде стратегияны, жоспарлауды, еңбекті басқаруды дамытудың әдістемелік ұсыныстары көрсетілген. Нарықтық конъюнктура жағдайында қаржы менеджерінің ролі айтарлықтай өсті. Қаржы менеджментінің мәселелері де Қазақстан ғалымдарының еңбектерінен де көрініс табады.

Осылайша қазақстандық менеджменттің теориялық сонымен қатар қолданбалы аспектілері зерттелініп

жатыр және әрі қарай зерттеуді талап етеді. Менеджмент тарихын білу менеджердің кәсіби білімі мен басқару ойының дағдыларын қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Басқарушылық ойлар жетістігін қолдану тәжірибесінде көптеген елдерде басқару моделінің өзіндік ұлттық ерекшелігі пайда болды. Қазіргі кезде басқарудың –американдық, жапондық, арабтық және батыс еуропалық мектептері қалыптасты. [5]

Қазақстанның басқару ойлары тарихының тамырлары ғасырлар қойнауынан бастау алады. Жүздеген жылдар бойы басқару ойы біртіндеп жетілдірілді. Менеджментке деген қажеттілік адамның және оның біріккен қызметінің пайда болуына байланысты туды. Мемлекетті басқару жөнінде біздің еліміздің дамуының әрқилы кезеңіндегі әртүрлі міндеттер өткенімізге үлкен әсер етті және бүгінгі күні де Қазақстанның басқару ойының қалыптасуы мен дамуына ықпалын тигізуде.

Менеджментті дамыту барысында Америка Құрама Штаттарының ұстанған бағыты орталықтан басшылық етуден гөрі, пайда табатын орталықтардың, бөлімдер мен кәсіпорындардың құқықтары мен жауапкершілігін ұлғайту АҚШ-тағы шаруашылық өмірде елеулі құбылыс болды. Осының нәтижесінде компанияларда жаңа бөлімшелер құрылды, бөлемше топтарының қызметін үйлестіретін арнайы жоғарғы басқарма енгізілді, штабтық органдар корпорацияның жоғарғы басшыларына қызмет көрсетуге көбірек көңіл бөле бастады, төменгі буындарда (зауыттарда) функциялық қызметтерді толық орталықтандыру жүргізілді.

Өндіріс ресурстарын ұтымды пайдалану мен оның тиімді жұмыс істеуі өндірісті басқаруды ұйымдастыруға тәуелді. Менеджмент ахуалы өндірістің технологиялық деңгейіне де, кадрлардың сапасына да өсер етеді.

Кәсіпорындарды басқарудың негізгі мақсаты — өндірісті камтамасыз ету және тауарлар мен қызметтерді өткізу, кәсіпорынның негізгі іс-әрекетін тиімді түрде жүзеге асыру.

Жұмыс істеп тұру үшін кәсіпорын өндіріс құралдарын пайдалануға және шығарылған өнімді өткізуге тиіс, яғни жабдықтау мен өнім өткізуді де басқаруы қажет. [5]

Библиографиялық тізім

1. Гриффин Р. Менеджмент: оқулық Гриффин.- Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018.- 768 б.
2. Латфуллин Г.Л. Теория менеджмента: учебник [Текст]: учебник/ Г.Л. Латфуллин, А.С. Никитин, С.С. Серебренников.- СПб : Питер, 2019.- 432 с.- (Учебник для вузов).
3. Дошанов А.Е. Менеджмент: учебное пособие [Текст]: учебник/ А.Е. Дошанов- Алматы : Экономика, 2013.- 638 с.
4. Айтмағамбетов Е.Б. Менеджмент бойынша практикум: экономикалық мамандықтарда оқитын студенттерге арналған [Мәтін]: оқу әдістемелік құрал/ Е.Б. Айтмағамбетов, Ю.И. Осик, С.Н. Улақов.- Алматы Заң әдебиеті, 2010.
5. Рахимбаев А.Б. Менеджмент: учебное пособие [Мәтін]: учебное пособие/ А.Б. Рахимбаев, А.К. Бельгибаев. - Алматы : Нур - Пресс, 2019.- 164 б.

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ

К.Т. Тулегенова., К.Т. Кашкинбаева., А.Б. Рахимбекова., А.Ж. Асаинов

Қазақ технология және бизнес университеті, «Экономика және басқару» кафедрасының магистр, аға оқытушылары, Астана қ.

Резюме: *На финансовом рынке важное значение может иметь использование государством специальных налоговых режимов и льгот для предоставления средств малому бизнесу.*

Summary: *In the financial market, the use by the state of special tax regimes and incentives to provide funds to small businesses can be important.*

Кәсіпкерлік аса зор экономикалық және әлеуметтік функцияларды орындағанмен, несиелеуге тартылған қаржылық ресурстарды сақтау және қайтару мәселесі алаңдатады.

Мемлекет арнайы салық режимдерін, жеңілдіктерді, ынталандыру тәсілдерін қолдану, арнайы заң актілерін шығару арқылы қаржы нарығын шағын кәсіпкерлікке қаражат беруге итермелеуі мүмкін. Мемлекет бұл жағдайда қаржы нарығындағы жаңа ойыншы ретінде маңызға ие бола алады.

Мемлекет банктерде шағын кәсіпорындар сұрайтын несиелер бойынша гарантиялар мен кепілдемелер беру арқылы мемлекеттік қолдауға ие болатын жобалар мен бағдарламалар санын күрт көбейтеді. Коммерциялық банктер шаруашылық құрылымдарына берген несиелер сомасы мемлекеттік кепілдемелер жағдайында 2-3 есе өседі.


Мемлекеттік кепілдемелер сұралып отырған несиенің тек бір бөлігіне (қалған бөлігін кәсіпкер өзі қамтамасыз етеді) берілу арқылы көзделген мемлекеттік ресурстар сомасынан қаржыландырылған несиелік ресурстар сомасы 4-5 есе артық болады. Мемлекеттің қатысуы қаржылық нарықта мультипликативтік маңызға ие болады. Мемлекеттік кепілдемелер жекеменшік инвестициялар сомасын күрт көбейтеді. Бұл іс-шараларды жүргізу қаржы нарығында артық ақша жағдайын туғызып, инфляцияны күшейтуі мүмкін. Сондықтан, мемлекеттің қаржы нарығындағы белсенді қатысуын шектен шығармау керек.

Кәсіпкерлікті дамытуда банктік емес сфераны жетілдіру тәсілін қолдануға болады. Бұл шағын кәсіпорындарды өзара несиелеу қоғамдарын (ӨНҚ) құру түрінде болуы мүмкін. ӨНҚ қатысушылары өздерінің уақытша бос қаражаттарын шоғырландырып, қажетсініп отырған қатысушыларына береді. Бұл кезде ӨНҚ қаржылық жағдайы сыртқы ортадан толық тәуелсіз болып, ешқандай да сыртқы тәуекел орын алмайды [1].

ӨНҚ құрылуы қоғамға өте көп пайда әкеледі:

- Шағын кәсіпорындардың жобалары іске асады;
- Қосымша жұмыс орындары ашылады;
- Қоғамда тауарлар мен қызметтер өндіріледі;
- Шағын кәсіпорындардың өсіп, үлкеюіне жағдай жасалады;
- Қаржы нарығында банктік жүйенің монополиясы жойылады. Банктердің қаржы ресурстарын ұсыну монополиясын жою өте маңызды [2].


Мемлекет лизингтік операцияларға қатысу арқылы Бұл қатынастардың тиімділігін жоғарылата алады. Мемлекет ақпараттық арнайы орталықтарды құрып, шағын кәсіпкерлерге аса қажетті ақпаратты қамтамасыз етеді.



Сурет 1. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың қазіргі жағдайы
Ескерту: Кәсіпкерліктің әлеуметтік маңызы. /«Қазақ тарихы» 2014 №1, 30.

Дегенмен, кәсіпкерлікті қолдау көрсетуде ең тиімді құрал - салық саясаты болып табылады. Бұл кезде төмендегідей қадамдарды жасау керек:

- Жеңілдетілген салық салу режиміне жататын кәсіпкерлік түрлерін анықтау;
- Олардың салық салу базасын анықтау;
- Салық қойылымдарын, мерзімдерін, бағыттарын белгілеу;
- Жеңілдіктер тізімін жасау;



Сурет 2. Ұлттық банктің есептері бойынша қаржы жүйесі
Ескерту: Автормен құрастырылған

Банк жүйесі мен кәсіпкерлік арасындағы қарым-қатынастар жағдайын әлі тұрақталмаған, нақты реттелмеген басқару механизмдерінсіз, тұрақты дамушы процестер деп анықтауға болады [3]. Қарым-қатынастардың негізгі бағыттары Ұлттық банк арқылы «мемлекеттік қаржы жүйесі» және шағын кәсіпкерлікті қолдаудың тізбектелген бағдарламалары арқылы «мемлекет-шағын бизнес» бойынша байқалады. Кәсіпкерлікті несиелеу бойынша басты мәселелер бүкіл қаржы нарығының даму мәселелерімен ұштасып, екінші деңгейлі банктер іс-әрекетінің аясына тиісті. «Банк-кәсіпкерлік» бағыты бойынша байланыстарды жетілдіру мәселелерін анық байқау үшін «мемлекет-қаржы жүйесі», «қаржы жүйесі-банктер» бағыттары бойынша қатынастар жағдайын талдау керек.

Мемлекет-қаржы жүйесі - мемлекетті қиын жағдайдан алып шығу мен сыртқы қауіптерден қорғау бойынша іс-шаралар жүргізуде ең маңызды орынды қаржы жүйесін, банк жүйесін жетілдіру алады. Қазір бұл жағдайлар өз шешімін тауып келеді. Біріншіден, ел ішінде коммерциялық банктердің саны көп емес, сондықтан Қазақстанның шағын қаржы нарығы аса бәсекелі емес. Екіншіден, екінші деңгейлі банктерге халық пен коммерциялық құрылымдар арасында сенім артып келеді. Жылдан-жылға мерзімдік депозиттер сомалары еселеніп жатыр. Бұл өте маңызды мәселе, өйткені банктер капиталдары өсіп, инвестиция жасау мүмкіндіктері артауда. Халықтың және коммерциялық құрылымдардың екінші деңгейлі банктерге сенімін жоғарылатуға мемлекет пен банктер белсене қызмет жасауы керек. Мемлекеттің оптималды қаржы жүйесін құраудағы маңызы зор. Бұл жағдайда жинақтарды қорғау жүйесі мен банктік салымдарды сақтандыру заңы керек. Банк жүйесі мен шағын бизнес арасындағы қатынастарды жетілдіру «мемлекет-қаржы жүйесі-банктер» бағыты бойынша жүргізілуге тиісті.

Шағын кәсіпорындардың бухгалтерлері өз есептерін бір инспекторға өткізіп, ол қызметтен салық комитетіне, статистика басқармасына және қоршаған ортаны қорғау басқармасына таратады [4]. Осы әрекеттердің нәтижесінде кезекте уақыт жоғалтулары жойылады, кәсіпкерлер шығындары төмендейді, шектен тыс есептік құжаттар толтырылмайды.

Банк жүйесі - кәсіпкерлік. Макроэкономикалық тұрақтылықтың артуы, сенімнің өсуі, банктер депозиттерінің сақтандырылуы Қорының құрылуы, банк құпиясы туралы заңның қабылдануы, зейнетақы жүйесінің тиімді әрекет етуі нәтижесінде қаржы жүйесіне қаражат тарту жеңілдеп келеді. Ұлттық банктің есептері бойынша қаржы жүйесі айына қосымша 100 млн. долларды мобилизация алады.

Нақты сектор мен қаржы нарығы экономиканың өзара тәуелді бөліктері болып табылады. Банктер клиенттерінің жеткіліктілігі жағдайында, ал кәсіпорындар тек тиімді қаржыландыру көздерінің бар болуы кезінде жұмыс, істейді. Жоғарыдағы суретте олардың мемлекет қатысумен тиімді жұмыс істеу механизмі көрсетілген [5].

Библиографиялық тізім

1. Кәсіпкерліктің әлеуметтік маңызы. /«Қазақ тарихы» 2014 №1, 30.
2. Кәсіпкерлікті қолдау – елдегі әлеуметтік мәселелерді шешудің негізгі жолы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция тезистері. -Түркістан-Қазақстан. Қ.А.Ясауи аяндағы ХҚТУ. -2015. Б.202-206 (бірлескен авторлықпен).
3. Долгополов Ю.Б. «Предпринимательство и безопасность», «Универсум», М.,2011.

4. Григорьев В. В., Федотова М. А. Оценка предприятий: теория и практика / Под ред. В. В. Григорьева. М.: Инфра-М, 2012.
5. Нұрғалиев Ө. Кәсіпкерлік негіздері. Қарағанды, 2012.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ОРНЫ

К.Т. Тулегенова, К.Т. Кашкинбаева, А.Б. Рахимбекова, А.Ж. Асаинов

Қазақ технология және бизнес университеті, «Экономика және басқару» кафедрасының магистр, аға оқытушылары, Астана қ.

Резюме: *Государственная поддержка малого и среднего бизнеса является важным направлением экономической политики, ведь предпринимательство создает новые рабочие места*

Summary: *State support for small and medium-sized businesses is an important area of economic policy, as entrepreneurship creates new jobs.*

Кәсіпкерлік мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал етеді. Сондықтан, шағын және орта бизнеске мемлекет экономикасында маңызды орын беріп, оны дамыту үшін несиелендіруді негізгі бағыттардың бірі деп қарастыру керек. Шағын және орта бизнес – бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық экономикалық жауапкершілігіне, ынталы, инновациялық қызметіне негізделген, қаржы қорларының шектелген жағдайларында жұмыс істейтін, қауіпті және белгісіздіктің жоғарғы үлесімен жанасатын, табысты алу мақсатымен өндірістің барлық факторларын қозғалысқа келтіретін және меншік иесінің өндіріспен басқару үдерісіне жеке қатысуын талап ететін, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жаңарту жүйесі болып табылады.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау экономикалық саясаттың маңызды аясы, себебі кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады, сөйтіп жұмыссыздықпен күреседі, бюджетке түсетін төлемдерді тұрақтандырады; тұтыну тауарларын өндіретін отандық кәсіпорындардың құрылуына байланысты импорт ығыстыру процесі пайда болады, мемлекеттің экономикалық проблемалары біртіндеп шешіледі және жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуал жақсарайды [1].

Экономикалық өсу ретінде өндірістік қуаттардың дамуымен, халық шаруашылығы қызметінің және ресурстарды пайдалану нәтижелерінің өзгеруімен байланысты ұлттық өндірістің шынайы көлемінің өзгеруі түсіндіріледі. Экономикалық өсудің түпкі мақсаты – тұтыну және ауқаттылықтың артуы. Экономикалық өсу – бұл қоғамдық өнімнің және өндіріс факторларының сандық артуы және сапалық жетілдірілуі. Ол мемлекеттің экономикалық даму деңгейін, қажеттіліктердің қанағаттандырылу дәрежесін, халықтың тұрмыс деңгейін, әлемнің басқа мемлекеттері арасындағы орынды, бәсекелестік қабілетті және мемлекеттің даму болашағын анықтайды. Ал мұндай өсу себептерінің бірі – шағын және орта бизнестің өндірістік салаға бағытталып дамуы.

Кәсіпкерлік секторы мәні бойынша нарыққа тән болып, қазіргі заманғы нарықтық инфрақұрылымның негізін құрайды.

Шағын және орта бизнестің дамуы ірі өндіріс орындарымен салыстырғанда бірнеше артықшылықтарға ие: экономиканың құрылымдық жаңаруын белсендетеді, нарықтық таңдаудың еркіндігін береді, жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады, шығындардың жылдам қайтарымдылығын қамтамасыз етеді және тұтынушылық сұраныстың өзгеруіне дереу бейімделеді. Шағын және орта бизнес нарықты тауарлармен және қызмет көрсетулермен қанықтыруға, салалық және аймақтық монополиялармен күресуге және бәсекелестік ортаны кеңейтуге көмектеседі [2].

Халықты жұмыспен қамтуда кәсіпкерлік едәуір әлеуетке ие, себебі өзінің технологиялық немесе басқа ерекшеліктеріне байланысты ірі өндірісте қамтылмайтын жұмыс күшін тартады. Бұл зейнеткерлер, оқушылар, мүгедектер және қосымша табыс алуға ұмтылған азаматтар. Шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыру арқылы халқының жұмыспен қамтуға болады және жалдамалы қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жоғарлатуға болады.

Шет елдердің тәжірибесі бойынша, шағын және орта бизнес экономиканың негізгі тетігіне айналды, сонымен бірге еңбектің жоғары сапасын, кәсіпорындардың бейімделу жеделдігін, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Шағын және орта бизнес табиғаты бойынша монополияға қарсы болып келеді. Сондықтан да нарықтың қажеттіліктеріне жедел жауап беріп, соған сәйкес бизнесін қайта құрып, экономиканың бәсекелестік секторын қалыптастырады. Яғни, шағын және орта бизнес өнеркәсіптік кәсіпорындар жүгінетін қызмет етудің маңызды принципіне сай келеді: кәсіпорын шығарылатын өнімдерді сатуға тырысу емес, керісінше сұранысты қанағаттандыратын және сатуға болатын өнімдер шығару.

Жұмыссыздықпен және кедейлікпен күресудің конструктивті шараларының бірі - шағын және орта бизнесі дамыту.

Шағын және орта бизнес арқылы тиімді шаруашылық жүргізуді ынталандыруға және шектелген ресурстарды рационалды түрде қолдануға болады.

Кәсіпкерлер тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана ұмтылмайды, бәсекелестерден озып кету мақсатымен тауарлардың, қызметтердің жетілдірілген және жаңа түрлерін нарыққа шығаруды көздейді. Сөйтіп, тұтынушылар сапалы өнімдерді тұтынуға мүмкіндік алады [3].

Экономиканың қандай бағытта дамитындығын шағын және орта бизнес анықтай алады, себебі елімізде кәсіпорындар көбейсе және отандық кәсіпорындарымыз бәсеке қабілетті өнімдер өндіре бастаса, мемлекет пен халықтың тұрмысы жақсарып, ауқаттылығы өседі. Мысалы, елімізде сатылып жатқан тауарлардың басым бөлігі шет елдерден әкелінеді, ал бұл біздің экономикамызға пайдасын аса тигізбей отыр, себебі шет елдік кәсіпорындар бізде өз тауарларын сату арқылы өз халқына жұмыс орындарын қамтамасыз етеді және өз елінің бюджетіне табыстарды әкеледі. Біздің ақшамызға олар өздерінің ғылым, білім беру, мәдениет, қорғаныс салаларын қаржыландырады. Ал біздің шет елдерден кем емес, әрі де сапалы өнімдер өндіре алатын тоқымашылар, тігіншілер, былғарышылар жұмыссыз қалып отыр. Сондықтан, отандық кәсіпкерлерге несиелер ұсынып, мемлекет тарапынан салықтық жеңілдіктер жасап, отандық өндірушілерді жан-жақты қолдау шаралары орынды болып келеді [4].

Шағын және орта бизнестің дамуы қайта өндірілетін және шектелген ресурстардың (барлық материалдық және материалдық емес жағдайлар мен өндіріс факторлары) тиімді пайдалануын көздейді. Кәсіпкер ресурстардың иесі ретінде олардың рационалды қолданылуына қызығушылық білдіреді. Дегенмен, кейбір кәсіпкерлердің жоғарғы пайда мен табыс түсіруге ұмтылуы, табиғи және қоғамдық ресурстарының азаюына немесе мүлдем жоғалуына әкелуі мүмкін.

Экономикадағы шағын және орта бизнестің алатын функционалдық ролі: экономиканың мемлекеттік секторын рентабельді емес шағын сериялы және даналы өнімдер өндірісінен босату, тұтынушылық тауарлар мен қызметтердің ассортиментін және өндірісін кеңейту, халық жинақтарын экономиканы дамыту үшін қолдану, материалдық және адам ресурстарын тиімді пайдаланып, қоғамдық өндіріс көлемін өсіру, ғылыми-техникалық дамуды жеделдету үшін шаруашылық жүргізудің нарықтық нысандарының мүмкіндіктерін қолдану, жалпы экономиканың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру, шектелген шаруашылық аймақтарда ресурстардың барлық түрлерін анағұрлым толық пайдалану және жеткіліксіз өнімдер өндірісін ұйымдастыру [5].

Шағын және орта бизнес бұл функцияларды жүзеге асырғанда экономика дамиды және экономикада шынайы нарықтық қатынастар қалыптасады.

Библиографиялық тізім

1. Қожабеков Ғ. «Шағын кәсіпорынның шырайы» Астана ақшамы 2018ж.
2. Төлегенова А.Д. «Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы» Саясат-Policy №8 2014 ж.
3. Предпринимательство в республике Казахстан / Окаев К.О., Смагулова Н.Т., Яновская О.А., - Алматы: Экономика, 2016
4. Программа поддержки и развития малого предпринимательства по городу Алматы на 2013-2015 годы
5. Жатқанбаев Е.Б. Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан. - Алматы: КГНУ им. Аль-Фараби, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУ МАСЕЛЕСІ: ДАМУ МАСЕЛЕСІ МЕН БОЛАШАҒЫН ТАЛДАУ

Бекжан А. С., Қазақ технология және бизнес университеті, 2 курс, магистратура, Астана қ.

Ғылыми жетекші – **Бақтымбет С.С.**, э.ғ.к., профессор м.а.

Резюме: В статье рассмотрены вопросы транспортного комплекса Республики. Освещены проблемы рассматриваемой отрасли, описаны перспективы развития предложенные Правительством Республики.

Summary: The article deals with the issues of the transport complex of the Republic. The problems of the industry under consideration are highlighted, the prospects of development proposed by the Government of the Republic are described.

Қазақстан Республикасындағы көлік кешені - бұл ел ішінде және одан тыс жерлерде жүктер мен жолаушылардың қозғалысын қамтамасыз ететін көлік құралдарының, инфрақұрылымның және ұйымдардың тұтас жүйесі. Оған, теміржол, әуе және теңіз көлігі, сондай-ақ порттар, әуежайлар, көлік автомобиль дәліздері, қоймалар және кеден пункттері сияқты байланысты қызметтер мен инфрақұрылым кіреді. Елдің көлік кешенін дамыту оның экономикалық өсуі мен дамуының маңызды шарты болып табылады және халықаралық сауда мен логистикаға айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстан Республикасында көлік кешені саласындағы мемлекеттік және жергілікті басқару бірқатар заңнамалық актілер арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде:

- «Көлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы - көлік жүйесінің жұмыс істеуінің негізгі қағидаларын, оны реттеу және бақылау қағидастарын айқындайды.
- «Жол қозғалысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы - жолдарда көлік құралдарының жүру ережелері мен тәртібін реттейді, сондай-ақ бұзушылықтар үшін жауапкершілікті белгілейді.
- Көлік инфрақұрылымын дамытудың 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы - автокөлік, теміржол, әуе, теңіз және ішкі су көлігін қоса алғанда, елдің көлік жүйесін дамытудың басым бағыттарын айқындайды.

Көлік кешені саласындағы жергілікті басқаруды жергілікті өзін-өзі басқару органдары - өз юрисдикциясы аумағында қозғалысты ұйымдастыруға, көлік инфрақұрылымын тиісті жағдайда ұстауға, сондай-ақ өз өңірінде көлік жүйесін дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға жауапты қалалар мен аудандардың әкімдіктері жүзеге асырады.

Қазақстан трансконтинентальдық теміржол және автомобиль жолдарын, сондай-ақ теңіз және авиациялық дәліздерді қоса алғанда, көптеген көлік маршруттарының қиылысында орналасқан. Елдің көлік кешені Қазақстан Республикасының экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Алайда, қазіргі уақытта Қазақстандағы көлік кешені оның одан әрі дамуы мен тиімді жұмысын қиындататын бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Көлік кешені ел экономикасының негізгі салаларының біріне айналды, бірақ әлі де кейбір қиындықтар туындауы мүмкін, соның ішінде:

1. Негізгі проблемалардың бірі - ескірген инфрақұрылым. Көлік нысандарының көпшілігі Кеңес заманында салынған және модернизация мен қайта құру үшін айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді. Инфрақұрылымның жетіспеушілігі: Қазақстанның ішкі өңірлерінде көлік инфрақұрылымы жеткіліксіз, бұл өңірлер мен көрші елдер арасындағы байланысты қиындатады.

2. Тағы бір маңызды мәселе - көлік инфрақұрылымын жеткіліксіз пайдалану. Мысалы, елдің теміржол желісі оның ықтимал жүктемесінің 40% -ы жұмыс істейді. Бұл тауарлар мен қызметтерді тасымалдаудың артық шығындарын тудырады және жергілікті өндірушілер мен экспорттаушылардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Көлік желілерінің төмен интеграциясы: Қазақстанда заманауи көлік кешендері бар, бірақ олардың интеграциясы көңіл көншітпейді. Бұл транзитті қиындатады және ірі жүктерді тасымалдау шығындарын арттыруы мүмкін.

3. Сондай-ақ, проблема көлік қызметін реттеудің тиімді механизмінің болмауы, бұл әртүрлі көлік түрлерін біркелкі пайдаланбауға және нарықтың қажетсіз деформациясына әкеледі. Көлік инфрақұрылымын пайдалану тиімділігінің төмендігі: Қазақстанда көлік құралдарының көп бөлігіне жүк тиелмейді, бұл тасымалдау шығындарын арттырады және елдегі экологиялық жағдайға зиян келтіреді.

4. Дамыған логистикалық жүйенің жоқтығы: барлық инвестициялар мен модернизацияға болуына қарамастан, жеткілікті дамыған логистикалық жүйенің болмауы, жүктерді тасымалдау процесінің оңтайлы болмауы, логистикалық жүйенің ұзақ және қымбат екенін білдіреді.

5. Кадрлық проблемалар: көлік саласында персоналды жеткіліксіз даярлау, сондай-ақ кадрлар тұрақсыздығының жоғары деңгейі Қазақстанның көлік секторында елеулі проблема болып табылады [1].

Қазақстанның көлік кешенін дамыту перспективалары елдің көлік желісінің Жібек жолы сияқты халықаралық көлік дәліздеріне интеграциялануының күшеюімен байланысты болуы мүмкін. Сипатталған проблемаларды шешу үшін көлік инфрақұрылымын жаңғыртуға және дамытуға, республиканың көлік қызметін реттеу мен мониторингтеудің толыққанды жүйесін құруға қомақты қаражат қажет етеді [2].

Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымы соңғы жылдары елеулі өзгерістер мен жаңғыртудан өтті. Бүгінгі таңда Қазақстанда тауарлар мен адамдарды тасымалдаудың барынша қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін заманауи жолдар мен автомагистральдар, теміржол желілері, теңіз порттары мен әуежайлар бар. Мемлекет теміржол және автомобиль жолдарын жаңғыртуды, жаңа теңіз порттарын салуды және логистикалық орталықтарды дамытуды қоса алғанда, көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша бірқатар ірі жобаларды жүргізуде. Еліміздегі маңызды жобалардың бірі Қазақстан арқылы өтетін "Батыс Қытай - Батыс Еуропа" халықаралық көлік дәлізінің құрылысы болып табылады. Бұл бағыт Қытай мен Еуропа арасындағы жүктерді тасымалдау үшін үлкен маңызға ие. Қазақстанның порт кешенін жаңғырту мемлекет үшін де маңызды міндет болып табылады. 2000 жылдардың басынан бастап елде Каспий теңізінде тауарларды тасымалдаудың жоғары жылдамдығы мен сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа теңіз порттары құрылды. Қазақстан автомобиль жолдары саласында бүкіл ел бойынша заманауи және қауіпсіз автомагистральдар салуды көздейтін "Нұрлы жол" жобасы белсенді дамып келеді. Соңғы жылдары 4 мың шақырымнан астам жаңа жолдар салынды. Көлік инфрақұрылымын дамытудың арқасында Қазақстан туристер мен инвесторлар үшін неғұрлым қолжетімді болды, сондай-ақ өзінің экспорттық және импорттық белсенділігін арттырды.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 1116 Қаулысымен «Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілді, онда республикадағы көлік кешенінің

проблемалары қаралды және осы саланың экономикалық әлеуетін дамытудағы кедергілерді жою жөніндегі міндеттер әзірленді.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында ЖІӨ-дегі көлік секторының үлесі 6,2% құрады, бұл 2018-2019 жж. деңгейінен төмен (ЖІӨ-нің 7-8%). Төмендеудің басты себебі пандемияның салдары болды.

2022 жылғы қаңтар-қазанда көлік және қоймалау саласына инвестициялар 1,1 трлн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштерден 11,6% - ға жоғары (978 млрд.теңге).

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында көлікте және қоймада жұмыс істейтін қызметкерлер саны 616 мың адамды құрады (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 7,1%).

Автокөлік құралдарының жолаушылар және жүк паркінің жоғары тозуы және моральдық ескіруі. Ескірген жүк АҚК паркі экологиялық талаптарды қатаңдатумен қатар халықаралық жүк тасымалдау нарығындағы отандық автотасымалдаушылардың үлесін 52% - дан 31% - ға дейін төмендетуге әсер еткен негізгі факторлардың біріне айналды.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі көлік-логистикалық әлеуетін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады [3].

Осыған байланысты мемлекет бірнеше жылдан бері өзінің көлік инфрақұрылымын белсенді дамытып келеді және бәсекеге қабілеттілікті жақсарту және инвесторларды тарту үшін жаңа технологияларды енгізуде.

Дамудың негізгі бағыттарының бірі Қазақстан аумағы арқылы өтетін «Батыс-Шығыс» транзиттік дәлізін кеңейту болып табылады. Осы жоба аясында жаңа көлік объектілері салынып, жаңғыртылуда: теміржол магистральдары, автомобиль жолдары, порттар, әуежайлар.

«Қазақстан-2030» даму стратегиясының жеті ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі «Инфрақұрылым, әсіресе көлік» басымдығы болып табылады. Ел Еуропа мен Азия арасындағы көлік маршруттарының қиылысында стратегиялық маңызды

орынға ие.



Сондай-ақ, соңғы жылдары Қазақстан теміржол инфрақұрылымын белсенді дамытып, тепловоздар паркін жаңғыртуда, бұл пойыздардың жылдамдығы мен жүк көтергіштігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ел автономды электромобильдер

мен дрондар сияқты көлікте жаңа технологияларды қолдануға тырысады.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасында көлік кешенін дамыту перспективалары оның географиялық жағдайы мен осы саладағы белсенді мемлекеттік саясатының арқасында айтарлықтай жоғары болып қалуда.

Библиографиялық тізім

1. Таран М.В., и др. Транспорт и транспортная техника: Учебно-методическое пособие, Алматы: КазАТК, 2020. – 315 с.
2. Бекмагамбетов М.М. Этапы становления и развития автомобильного транспорта. Алматы: Типография С
3. 2018. – 472 с.
4. <https://adilet.zan.kz/>

6 СЕКЦИЯ

ИНДУСТРИЯ ТУРИЗМА И СЕРВИСА: СОСТОЯНИЕ, ПРОБЛЕМЫ, ЭФФЕКТИВНОСТЬ, ИННОВАЦИИ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫ: ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, ТИІМДІЛІГІ, ИННОВАЦИЯЛАР

ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Абельдинова А.Н., Қақабай Ә.Ф.,

Торайғыров атындағы университет, 3 курс, Павлодар қ.

Ғылыми жетекші - *Даут Ж.*, аға оқытушы, география магистрі, Павлодар қ.

Резюме: *В данной статье определены основные тенденции становления и развития гостиничного рынка страны. Проведен анализ существующих проблем гостиничного бизнеса и определены возможные пути их решения.*

Summary: *This article identifies the main trends in the formation and development of the country's hotel market. The analysis of the existing problems of the hotel business is carried out and possible ways of their solution are determined.*

Қазіргі таңда Қазақстанда қонақ үй бизнесі қарқынды дамуда, қонақ үйдің жаңа орындары жыл сайын пайда болуда. Қонақ үй бизнесі туризм және ойын-сауық индустриясы деп аталатын үлкен сегменттің ажырамас бөлігі болып табылады. Қонақ үй бизнесінің теориялық аспектілеріне келіп тоқтайтын болсақ, алдымен қонақ үй қандай мағына беретінін біліп алайық. «Қонақ үй» ұғымы (латын тілінен аударғанда «hospitalis») - қонақжай. Қонақжайлылық (ағылш. hospitality) ескі француз тілінен шыққан «hospice», «бір-түрлі қонақ үй» дегенді білдіреді. Қонақ үй бизнесі мемлекетаралық туризмнің негізгі секторы болып табылады және саяхатшылар ағыны туризм индустриясының осы секторының көлемі мен сапасына тікелей байланысты. Қазақстан ең бай туристік ресурстарға қарамастан, әлемдік туристік ағымда елеусіз үлесті алады. Қонақ үй бизнесі қаржылық жұмыстың бір түрі бола отырып, тікелей немесе белгілі бір дәрежеде жұмыс орындарын жасайды және қазынаны шетел валютасымен толықтырудың негізгі құралы болып табылады. Әлемде қонақ үй бизнесінің жаңа тұжырымдамаларын игеру және ескілерін жаңғырту процесі үнемі жүріп жатыр. Халықаралық туристік, қонақ үй бизнесін одан әрі дамыту, атап айтқанда, туристерді орналастырудың жаңа құралдарының пайда болуына әкеледі. Ғылыми-техникалық прогрестің көптеген жетістіктері қонақ үй кешендерінде брондау жүйелерінің тез дамуына ықпал етеді, сонымен қатар қонақтарды орналастыру құралдарында безендіру жүйесін жеңілдетеді.

Қазақстан Республикасында қонақ үй кәсіпорындарының тиімді дамуын тежейтін проблемаларға бірқатар кәсіпорындардың рентабельділігі айтарлықтай төмен. Бұл, мысалы, тұтынушылық сұранысқа, әкімшілік кедергілерге және т.б. байланысты кедергілерді жоюды. Қонақ үй қызметтері нарығының бәсекеге қабілеттілігі төмендейді, шетелдік инвестициялардың деңгейі төмендейді, нәтижесінде нарық тартымдылығын жоғалтады. Бүгінгі таңда елдің қонақ үй қызметтері нарығы даму сатысында және бұл тұрақты урбанизациямен тікелей байланысты ең ірі қалаларға тән. Көп жағдайда қонақ үй кәсіпорындарының тиімді дамуына тек экономикалық және психологиялық факторлар ғана емес, сонымен қатар басқарушылық факторлар да әсер етеді. Қонақ үй кәсіпорындарын ұсынудың мамандану динамикасын анықтайтын негізгі факторларға мыналар жатады: туристік сұраныстың әлеуметтік базасын нығайту және туристердің қажеттіліктерін дараландыруды нығайту. Егер біз қосымша орналастыру секторын қарастыратын болсақ, онда ол қызмет көрсету сапасының стандартын арттыру бағытында дамиды және болашақта төменгі санаттағы

қонақ үйлерді ауыстырады және ауыстырады. Қонақ үй сервисі туристерге арналған қызметтердің тұтас кешенін қамтиды және әлемдік қонақ үй бизнесі жүйесінде бәсекеге қабілетті. Бүгінгі таңда қонақжайлылық индустриясы аймақ экономикасының немесе туристік орталықтың қуатты жүйесі және туризм экономикасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қонақжайлылық индустриясын ұжымдық және жеке орналастырудың әртүрлі құралдары құрайды: қонақ үйлер, мотельдер және жатақханалар, туристік баспаналар. Қонақ үй индустриясы экономикалық қызмет түрі ретінде қызмет көрсетуді және қонақүйлерде, кемпингтерде және басқа да сыйақы құралдарында қысқа мерзімді тұруды ұйымдастыруды қамтиды

Осылайша, қонақжайлылық саласына, оның ішінде қонақ үй бизнесін дамытуға әлемдік стандарттарды енгізу үрдісі Қазақстан үшін орнықты сипатқа ие болады.

Астана қаласы экономикалық, әлеуметтік және мәдени прогресті қалыптастыруға ықпал ететін туристік қызметтердің қарқынды өсуінің үлгісі болып табылатын мегаполис. 2014 жылға дейін Астана қаласының тұрғылықты жер нөмірлерінің саны 2011 жылғы 3581 нөмірден 2012 жылы 3600 нөмірге дейін, 2013 жылы 5492 нөмірге дейін және 2014 жылы 6383 нөмірге дейін ұлғайды. 2015 жылы қонақ үй нөмірлерінің саны 5949-ға дейін қысқарды. Тиісінше, сыйымдылық көрсеткіштері ұқсас тенденцияларды көрсетеді. 2015 жылы көрсеткіштердің төмендеуі қонақ үйлер санының азаюына байланысты. 2016 жылдың басында Астана қаласында 160 орналастыру орны жұмыс істеді. Қонақ үйлердің ең аз саны Астана қаласының Есіл ауданында орналасқан. 32 қонақ үй немесе жалпы санының 20%. Қонақ үйлердің ең көп саны Алматы ауданында - 71 қонақ үй немесе 44%. Бұл ретте туристердің Астанаға баруы үшін ең көп орын Есіл ауданында орналасқан, яғни осы ауданда орналасқан қонақүйлер объектіні орналастыру орны бойынша айтарлықтай бәсекелестік артықшылыққа ие. Есіл ауданындағы қонақ үйлер санының өсуін, демек, Есіл ауданындағы қонақ үйлер арасындағы бәсекелестіктің қатаюын болжауға болады. Қонақ үйлердің табысына келетін болсақ, ең көп табысты Есіл ауданының Қонақ үйлері алды, ол - 10 862 млн. теңгені немесе Астана қаласындағы қонақ үй бизнесі қызметтерінен түскен барлық табыстың 60% құрайды. Бұл Есіл ауданында жоғары деңгейлі қонақ үйлердің көп болуына, үлкен нөмірлік қорға және сәйкесінше қонақ үй қызметтері үшін жоғары бағаларға байланысты.

Қазақстанның заманауи қонақ үй индустриясы менеджменттің екі түрі бойынша жұмыс істейді - отандық және шетелдік. Соңғысы шетелдік компаниялардың басқаруымен жұмыс істейтін қонақүйлердің пайда болуына байланысты, бұл отандық қонақ үй қызметтері нарығының сапалы жаңа күйге өтуін көрсетеді. Қонақ үй тізбектері Қазақстанның қонақ үй секторын ұйымдастырудың жаңа тәсілін қалыптастырады және қонақ үй қызметтерінің деңгейін арттыру процесіне елеулі үлес қосады.

Айта кетсек, егер Қазақстанның қонақ үй қызметтері нарығының жетілуі туралы айтатын болсақ, онда нарық жетілу және бәсекелестікті арттыру кезеңіне өтеді. Алайда, қонақ үйлер санының өсуі және көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлерінің кеңеюі аясында, қонақ үйлерде тұтынушының «жоғары» талаптарына сәйкес келуге ынтаның жоқ болуына байланысты саланың даму деңгейінің төмендігі байқалады, өйткені қызметтерді тұтынушылар жеткіліксіз, бірақ олар сапалы қызметтер үшін жеткілікті жоғары бағаны төлеуге дайын. Жоғарыда аталғандардың барлығы қонақ үй қызметтері нарығының кәсіби дамуына, әсіресе тұрақты халықтың саны аз және ішкі және халықаралық туризм үшін тартымдылығы жеткіліксіз қалаларда ықпал етпейді.

Қорытынды: ойымызды аяқтай келе, қонақ үй нарығы белсенді қалыптасу сатысында және одан әрі дамудың кең перспективалары бар екенін атап өтуге болады. Қонақ үй бизнесінде қарастырылған жұмыс нәтижелері Қазақстан Республикасының қонақ үй шаруашылығындағы менеджмент деңгейі әлі де тұрақтана бастағанын және шығындарды азайту және тиімділікті арттыру мәселелері қонақ үй кәсіпорындарының меншігі мен шаруашылығының барлық дерлік нысандары үшін ортақ болып табылатынын көрсетеді. Біздің Республикамыз қонақ үй бизнесінің дамытуға әлемдік стандарттарды енгізу үрдісін жүргізуде!

Библиографиялық тізім

2. <https://cyberleninka.ru/>

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СФЕРЕ ОБЩЕСТВЕННОГО ПИТАНИЯ

Мустафаев К.С. - к.э.н., доцент, *Темиралиева З.С.* - магистр, ст.преподаватель,
Мусаилова Н.Б. - магистр, ст.преподаватель,

Казахский университет технологии и бизнеса, г.Астана

Түйін: *Көрменің ерекше құбылыс ретінде аймақтық, мемлекеттік, мемлекетаралық және әлемдік маңызы бар, бұл құбылыстың жан-жақтылығы оның ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығымен анықталады.*

Summary: *The exhibition as a special phenomenon has regional, state, interstate and world significance, the versatility of this phenomenon is determined by its scientific, technical, socio-economic and socio-cultural significance.*

Мейрамхана индустриясы әлемдегі ең бейімделген салалардың бірі болып табылады. Бұл өзгермелі тұтынушылар мінез-құлқына тез жауап беру және бейімделу қажеттілігімен түсіндіріледі, өйткені инновациялық шешімдерді жылдам біріктіругіз мейрамхана бизнесі бірден қиындықтарға тап бола бастайды. Сондықтан салада қонақ тәжірибесін жасау үшін өте көп комбинациялар бар, оған ауыспалы тағам ұсыну және бірегей тәжірибе жасау, мысалы, биіктіктегі асхана және робот даяшылардың қызметі кіреді. Қонақтың мәселелерді шешу қабілетін (қонақ тәжірибесінің бір бөлігі ретінде арнайы ынталандырылған дағды) бастау үшін мейрамханалар интерактивті мәзірлерді, үстел үстіндегі тапсырыс беруді немесе тапсырыс беру үшін немесе мобильді қолданбаларды пайдалану сияқты күнделікті жұмыстарды орындау үшін технологияларды қабылдауда. қонақ үшін тапсырыстық өнімді жасаңыз.

Өткен жылы нарықтың қалай өзгергеніне қарап, қандай технологиялар одан әрі дамытылатынын анықтауға болады. Біріншіден, мейрамханаға барған кезде қонақтың қажеттіліктеріне назар аударылды, олар бір жағынан утилитарлы болды, ал екінші жағынан есте қаларлық ойын-сауыққа бағытталған. Үрпағы ұсынатын аудитория мүлдем басқа құндылықтарға ие, бұл адамдар күнделікті уайымға уақыт өткізгеннен гөрі тәжірибе алғанды жөн көреді. Егде жастағы аудитория кәсіби өсуге көбірек құмар және тамақ дайындауға уақытты үнемдеуге тырысады. Бұл өзгерістер, пандемиядан басқа, дайын тағамдарды жеткізуді дамытудың драйверлері болды, ал мейрамханалар шынымен керемет мейрамхана тәжірибесін қалыптастыратын күрделі тәжірибелерді құру мүмкіндігіне ие болды. Өз кезегінде, күнделікті дайын тағамға деген қажеттілік өзін-өзі дайындаудың құнына сәйкес келетін шығындарға қол жеткізу қажеттілігін талап етеді.

Сондықтан жаһандық деңгейде технологияларды бес салаға бөлудің мәні бар:

1. мейрамхана шығындарын оңтайландыруға көмектесетін технологиялар,
2. қонақтар тәжірибесін жақсартуға бағытталған технологиялар;
3. сол жерде тапсырыс беруге байланысты технологиялар, алдын ала тапсырыс беру, жеткізу,
4. бизнесті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін технологиялар: төлем жүйелері, онлайн кеңестерді қабылдау, әртүрлі қассалық жүйелер және т.б.,
5. робототехника және жасанды интеллект.

Бірінші топқа мыналар кіреді:

- технологиялық карталарды жасаудан, сатып алулармен жұмыс істеуден, басқару есептері мен адалдық жүйелеріне (iKko, poster, рестик, АҚШ-та - toastab және т.б.) мейрамханаларды басқаруға арналған бұлтты шешімдер.
- қызметкерлердің кестесін басқаруға және оңтайландыруға мүмкіндік беретін қызметтер (батыс нарығында ұсынылған - ыстық кестелер, ресейлік нарықта мұндай жүйелер үшін әлеует бар).
- операциялық стандарттарды енгізуді қадағалауға мүмкіндік беретін қызметтер (бұрынғы қызметтерге ұқсас, олар тек батыс нарығында ғана ұсынылған, мысалы, push операциялар).

Азық-түлік қалдықтарын азайтуға арналған Leanpath компаниясының Батыс шешімі сияқты азық-түлік қалдықтарын азайту қызметтері тамақ қалдықтарын 50%-ға азайтады және еңбек және пайдалану шығындарын төмендетеді, бұл ас үйді тиімдірек етеді.

Қонақтардың тәжірибесін жақсартуға бағытталған шешімдердің екінші тобында олардың табиғаты бойынша шығындарды оңтайландыру шешімдеріне де қатысты болса да, біз мыналарды ажырата аламыз:

- Әртүрлі чат-боттар мен дауыстық боттар.
- Қонақпен байланыс ағындарын бір желіге біріктіруге мүмкіндік беретін омниканалды шешімдер.
- Ұсыныстарды жекелендіру үшін адам деректерін биометриялық оқу және офлайн кеңістікте қонақты сөздің жақсы мағынасында «тану» мүмкіндігі.
- Маркетингтік аналитика/CRM жүйелері.
- Шындықты арттыратын технологиялар – VR/AR.

Үшінші топқа мыналар жатады:

- Мейрамханадан немесе қараңғы асүйден жеткізуді автоматтандыратын кешенді шешімдер (тапсырыстарды басқару және оларды веб-сайттан және қонақпен басқа байланыс арналарынан ас үйге тасы-малдаудан логистиканы басқаруға дейін).
- Мұндай қызметтер, әдетте, бірнеше АТ-провайдерлерінің шешімдерінің жиынтығы болып табылады, ал жеке ірі бизнес жағдайында мұндай жүйелер өз ішінде әзірленеді.
- Автоматты қайта сату функциясы бар өзіне-өзі қызмет көрсететін дүңгіршектер.
- Тағамға тапсырыс беретін қолданбалар

Төртінші топтан мен даяшыларға арналған онлайн ақша беру жүйесін ерекше атап өткім келеді. Бұл саладағы стартаптарды жақында Сбербанк те, Тинков та сағып алды. Бұл өте қарапайым, түсінікті, мүмкін әлі ең ыңғайлы емес, бірақ кеңестерді қалай төлеу керектігін шешуге мүмкіндік беретін жұмыс жүйелері.

Осы мақалада ұсынылған ең инновациялық бөлікке келетін болсақ - робототехника мен жасанды интеллектке қағысты бесінші бағыт - мұнда біз тамақ жеткізуге арналған ұшқышсыз көліктерді енгізу туралы айтып отырмыз - мейрамхана индустриясындағы ең таңғаларлық технотрендтердің бірі, ең көп назар аударатын. Бұл технология операторлардың да, тұтынушылардың да мәселелерін шеше алады, өйткені ол еңбек шығындарын азайтуға бағытталған.

Библиографический список

1. Pease W. R. Information and Communication Technologies in Support of the Tourism Industry / W. R. Pease, M. Rowe, M. Cooper. – Hershey – London – Melbourne – Singapore : Idea Group Publishing, 2007. – 376 p.
2. Интеграция автоматизированных информационных систем. – 2008. – Режим доступа: <http://www.gis-tech.ru/integraciyaais.html>, свободный.
3. Немковский Б. Л. Использование информационных технологий – шаг в сторону прибыли / Б. Л. Немковский. – Режим доступа: http://hotelline.ru/technology_article.php?news_cid=540&news_id=1073, свободный.
4. Кизим А. В. Информационные технологии в туризме : учебно-методическое пособие / А. В. Кизим. – Астрахань: Астраханский государственный университет, Издательский дом «Астраханский университет», 2011. – 146 с.

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

З.Т.Ауезова., г.ғ.к., профессор, «Esil University» мекемесі, Астана қ.

А.Т. Ауезова., PhD, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

А.А.Маймурунова., PhD, аға оқытушы, «Esil University» мекемесі, Астана қ.

Резюме: *Актуальность настоящего исследования обусловлена тем обстоятельством, что без использования информационных технологий не обходится ни одна из сфер жизнедеятельности, поскольку*

каждая область и, в частности туристская сфера, нуждается в переработке большого количества информации и в информационном обслуживании. Поэтому непрерывно прогрессирующие информационные технологии регулярно предлагают новейшие продукты, к примеру, программное обеспечение либо вспомогательные процессы для туристской сферы.

Summary: *The relevance of this study is due to the fact that none of the spheres of life can do without the use of information technology, since any area and, in particular, the tourism sector, needs a large amount of resources and information consumption. Therefore, constantly evolving technologies are gradually expanding products, for example, the development of processes for the tourism sector.*

Туризм, әрине, қазіргі қоғам өмірінің, сонымен қатар көптеген елдердің экономикасының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл экономиканың жетекші және қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі және өзінің жылдам қарқыны үшін туризм ғасырдың экономикалық құбылысы, айқын мультипликативті әсері бар сала ретінде танылды.

Туризм – ақпаратты көп қажет ететін қызмет. Ақпаратты уақтылы жинау, өңдеу және таратуда мұндай маңызды рөл атқаратын салалар әлемде аз. Туристік өнімді азық-түлік немесе басқа дүкендердегі қарапайым тауарлар мен қызметтерге ұқсастығы бойынша сату алдында көру үшін көрсету мүмкін емес. Туристік өнімді әдетте алдын ала және тұтыну орнынан алыс сатып алады. Осылайша, туризм туристік компанияның немесе туристік агенттік веб-сайтының қызметкері клиентке бере алатын және беруге тиіс суреттерге де, ақпаратқа да толығымен тәуелді. Автоматтандыру және электронды технологияны кеңінен қолдану туризм индустриясының ең өзекті міндеттерінің біріне айналуға өйткені, туризм мен ақпарат бір-бірінен ажырамайды, ақпарат туристік қызмет элементтерінің бірі болып табылады. Оның көмегімен турист өзіне ұсынылатын қызметтер туралы білім алады. Туризм саласы үшін «ақпарат кімде болса – әлем де сол» деген нақыл сөздің өзектілігі өте жоғары. Сондықтан туризмдегі инновациялар туристік индустрияның әртүрлі деңгейлерінде жүргізілетін мақсатты өзгерістерден тұратын жан-жақты ұйымдастырушылық және басқарушылық жаңалықтар болып табылады.

Бұл туристік жобаларды құқықтық қамтамасыз ету, туристік қызметтің жаңа түрлерін ұйымдастыру мүмкіндігі, түбегейлі жаңа туристік өнімдер мен туристік тауарларды жасау, туристік сұранысты, оның ішінде заманауи технологияларды ақпараттық-жарнамалық қамтамасыз ету[1,5].

Қазіргі жағдайларда сатушы мен сатып алушы арасындағы байланыс құралдары өзгеруде, бұл туризм секторының өкілдерін өз шекараларын кеңейтуге мәжбүр етеді. Ал бұл жерде туристік бизнес жинақталған білімнің негізіне сүйенеді. Жаңа идеяларды жүзеге асыруға және туризмнің жаңа бағыттарын құруға кірісу тек бұрынғы және қазіргі жұмыс формалары мен әдістерін біліп, зерттегеннен кейін болуы керек. Қызмет саласын терең түсіну дамуды болжауға және бәсекелестерден озып кетуге мүмкіндік береді. Туризмге инновацияларды енгізуге елдегі экономикалық жағдай, халықтың әлеуметтік жағдайы, ұлттық заңнамалар, сондай-ақ үкіметаралық және халықаралық келісімдерде әсер етеді.

Коронавирус (COVID-19) пандемиясы әлемнің барлық дерлік елдеріне және біздің өміріміздің салаларына, соның ішінде саяхатқа да әсер етті, бұл ерекше жағдайлардың әсерінен мәңгілікке өзгерді. Инновациялық туристік шешімдер пайдаланушылардың өзгертін қүтулері мен мінез-құлқына жауап беру үшін бұрынғыдан да тезірек пайда болды және саяхат қауіпсіздігі межелі орынды таңдауда одан да маңызды факторға айналды.

Сондықтан әр елде туристік қызметтегі инновациялардың пайда болуының себеп салдары әртүрлі. Дегенмен, кез келген ел үшін бірнеше тән белгілер бар:

- халықтың басқа аймақтардағы өмір салтымен танысуға және жаңа білім алуға деген сұранысының артуы;
- көптеген классикалық және дәстүрлі туристік бағыттардың (дестинациялардың) қанықтылығы;
- келу туризміндегі нарықтық квотаны жоғалту қаупі;
- бәсекелестіктің шиеленісуі, стандартталған жаһандық өнімдердің ұсыныстарының өсуі;
- өз азаматтарының жағдайлары бойынша, өз елінің аймақтарына (табиғаты, мәдениеті, климаты) ұқсас аймақтарға кетуін шектеу;
- ең талапшыл туристердің қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін демалыс пен саяхаттың тартымды жағдайларының (табиғи және мәдени ерекшеліктері, бос уақытты өткізу мүмкіндіктері, нақты тауарларды сатып алу және арнайы туристік қызметтер) үйлесуі;

- экономикадағы технологиялық революция және қызмет көрсетудің кеңеюі және т.б. Туризмдегі инновацияларды дамытудың негізгі міндеттері кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, туристік қызмет көрсетуді айтарлықтай жақсартуға бағытталған [2,6].

Туризмдегі инновациялық процесс – бұл туризмдегі инновацияларды біртіндеп қабылдау, бірақ оның таралуы бірқатар қосымша әлеуметтік- экономикалық, мәдени және саяси факторларға байланысты болады. Ақпараттық технологиялар өздігінен туристік қызметтердің «жаңа комбинацияларын» жасай алмайды. Технологияларды әлеуметтік, институционалдық, әлеуметтік-саяси және мәдени факторлар кешенімен біріктіру ғана тауарлар мен қызметтердің, әдістердің және т.б. жаңа комбинацияларды құруға әкеледі.

Инновациялық цикл саяхаттың жаңа бағытын (мекенін) ашу, жаңа өнімді жасау немесе барынша өзгертулер енгізу, технологияның немесе коммуникацияның жаңа түрлерін енгізу идеясы пайда болған сәттен басталады.

Өнімнің мақсатты бағыты белгілі бір тұтынушыға, туристік өнімнің шамамен мазмұнына назар аударатын отырып әзірленеді және анықталады.

Болашақ өнім идеясы қалыптасқаннан кейін идеяны іс жүзінде жүзеге асыру мүмкіндіктері зерттеледі, жеткізушілер мен серіктестерді іздеу және таңдау, негізгі және қосымша қызметтерді жоспарлау, тасымалдау, медициналық сақтандыру, алдын ала экономикалық және бағалық зерттеулер жүргізіліп жүзеге асырылады. Осындай әрекеттерден кейін өнімді тексеру жүргізіледі: презентация, сынақтан өткізу, күтілетін сұраныс пен бәсекеге қабілеттілікті бағалау. Бұл инновациялық кезеңнің аяқталуы. Инновациялық циклдің келесі кезеңі туристік өнімді ілгерілетуге және оны нарыққа шығаруға, іске асыруға және коммерцияландыруға бағытталған шаралар кешені (жарнамалық және жарнамалық науқандарды өткізу, тікелей маркетинг, өткізуді ынталандыру, қоғаммен байланыс) болады.

Инновациялық цикл туристік нарықтың басқа субъектілері осы инновацияны өз қызметінде белсенді қолдана бастағанда аяқталады. Ал, инновацияның негізгі функциялары қандай? Яғни:

- олар өндіріске жаңа өндіргіш күштерді тартады, еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігін арттыруға көмектеседі, әр түрлі шығындарды азайтады;
- халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнімдер мен қызметтердің әртүрлілігі мен сапасы есебінен әрбір адамның және жалпы қоғамның өмір сүру деңгейін арттыру;
- өндіріс құрылымын өзгермелі қажеттіліктер құрылымына сәйкес келтіруге көмектесу, сұраныс пен ұсыныс арасындағы, өндіріс пен тұтыну арасындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектесу;
- белгілі бір тұлғаның шығармашылық қабілеттері мен білімін, адам интеллектісін қолданудың нәтижесі болып табылады, бұл өз кезегінде шығармашылық белсенділіктің одан әрі өсуін ынталандырады.

Қазірдің өзінде интернет-пайдаланушылардың миллиондаған армиясы үйдегі компьютерлерді өз бетінше қарап, таңдап қана қоймай, турдың барлық сегменттерін (қонақ үйлер, әуе билеттері, автокөліктер, экскурсиялар, трансферттер) брондап алады.

Бұл жағдайда агенттіктерге бару және каталогтардың үйінділерін қарау қажеттілігі жойылуы мүмкін. Ал, әрбір әлеуетті саяхатшы «Мен үйдегі компьютерден өз демалысымды ұйымдастыра аламын» деген ережені басшылыққа алады [2,3].

Ақпараттық технологиялар қажетті туроператорды табуға ғана емес, сонымен бірге қызықты маршруттарды көруге, туристің бағғысы келетін жерін елестетуге мүмкіндік береді. Интернет туристік агенттік туралы пікірлерді көруге, ұсынылатын қызметтердің сапасы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Туристік бизнесте ақпараттың үлкен көлемін жедел өңдеу ағымы жүреді. Бұл әуе билеттері мен қонақүй нөмірлеріне брондау парақтары, топтардың құрамы туралы деректер, жеке деректер, туристік агенттіктердің өтініштері және т.б. болуы мүмкін. Біріншіден, сіз осы алуан түрлі ақпаратты жинақтауыңыз керек, содан кейін оны шығарып алып өңдеу керек, ал деректерді өңдеудің жылдамдығы мен дәлдігі ерекше маңызды.

Туризм нарығының барлық субъектілерінің жұмысының негізінде ақпараттық жүйелер немесе мәліметтер базасы болу керек. Мәліметтер базасы даму барысында алғашқыда қолмен өңделді. Содан кейін миллиондаған жазбаларды сұрыптап, кестелеуге арналған перфокарталық жабдықтар мен электромеханикалық машиналар келді. Кейінірек мәліметтер магниттік таспаларда сақтала бастады, ал сақталған бағдарламалар дәйекті файлдарды пакеттік өңдеуді орындады. Дамудың келесі кезеңінде мәліметтер қорының «схемасы»

және деректерге оперативті навигациялық қол жеткізу түсінігі пайда болды. Содан кейін реляциялық деректер базасына автоматты түрде қол жеткізу қамтамасыз етілді және таратылды және клиент-сервер өңдеуі енгізілді.

Бүгінгі таңда бізде деректердің үлкен көлемін - құжаттарды, графиканы, дыбыстық және бейне кескіндерді сақтайтын ақпараттық жүйелердің (мәліметтер базасының) алтыншы буыны бар.

Алтыншы буын - мультимедиялық деректер қоры (1995 жылдан). Бұл бағдарламалар мен деректердің нақты бөлінуі болды және бұл тәсіл сандар, таңбалар, тізімдер сияқты деректерге келгенде жақсы жұмыс істеді. Бірақ көп ұзамай деректер «графикалық кескін», «дыбыс» сияқты күрделі объектілерді көрсете бастады, оларды өңдеу жана тәсілдер мен бағдарламаларды қажет етті. Сандар мен белгілерді сақтайтын дәстүрлі дерекқорлардан әрбір жазбада күрделі деректері болуы мүмкін [4].

Туризм индустриясындағы заманауи ақпараттық технологиялар мынандай салаларда жақсы көрінеді:

1. Брондау және брондау саласы, мысалы, әуе билеттерін, теміржол билеттерін, турларды, қонақүйлерді және т.б. онлайн брондау процесін онтайландыру үшін электронды брондау жүйелері құрылған.

2. Интернетте туристік кәсіпорындардың маркетингі және жарнамасы, мысалы, туристік компанияларға арналған веб-сайттарды, баннерлік және контекстік жарнаманы, почталық тізімдерді, хабарландыру тақталарын, сондай-ақ кез келген адам тур сатып ала алатын және ұшақ билеттерін төлей алатын электронды кеңселерді құру т.б. Сондықтан туризмде таралып жатқан интеграцияланған ақпараттық технологиялар жүйесі жоғарыда айтылғандардан туристік индустрияда компьютерлер, телефондар немесе бейне терминалдар емес, өзара байланысты компьютерлік және коммуникациялық технологиялар жүйесі жұмыс істейтіні белгілі болды. Қазіргі таңда көптеген туристік компаниялар кең тараған интернетті өз бизнесіне қауіп төндіреді деп санайды. Сондықтан сұраныс нарығын үнемі зерттеп, жаңалықтардан хабардар болу өте маңызды.

Библиографиялық тізім

1. Александрова А.Ю. Экономика и территориальная организация международного туризма. – М.: МШГУ. - 2019
2. Квартальнов В.А. Иностранный туризм. М.: Финансы и статистика. - 2019.
3. Страны мира. Энциклопедический справочник. – Минск: Миринда. Родиола плюс. - 2015
4. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма. М.: Финансы и статистика. - 2019
5. Шипулин В.Д. Основные принципы геоинформационных систем. Харьков: ХНАГХ. - 2015
6. Самардак А.С. Геоинформационные системы: учебное пособие. М.: Изд-во МГУ. - 2018

7 СЕКЦИЯ

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ И СОЦИАЛЬНЫХ НАУК ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САЯСИ ҚҰЖАТТЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Айдарова Ш.Ә., т.ғ.к., Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қ.

Тастаева Ж.К., т.ғ.к., М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Реюме: В статье рассматривается историческое значение политического документа Республики Казахстан

Summary: The article deals with the historical significance of the political document of the Republic of Kazakhstan

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдары жарияланды. Бұл стратегиялық бағдарлама «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – «Қазақстан» жолы -2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ұлттық идеясын тұжырымдады. Бұл -саяси құжат декларативті құндылықтар бағдарламасын ұсынған идеологиялық насихат құралы болып табылады. Бұның негізі - Қазақстандық патриотизм. Бұл құжатта қазақ елінің қауіпсіз, қатерсіз ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосуда отаншылдық рухтағы жігерлі, сапалы, қабілетті азаматтар тәрбиелеу міндеті күн тәртібіне қойылды.

Жаһандану үдерісінде алпауыт елдердің экономикасы қарыштап дамып, жаңа ғылыми жаңалықтарды жарыса енгізіп отырған, ақпараттық кеңістікте сол азулы елдердің ықпалына түсіп қалмас үшін, іскер, креативті, отаншыл, рухы мықты жасампаз тұлғаларды дайындау бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Қазақстан жаңа даму жолына түскенде елбасы «Алдымен экономика, содан соң саясат» деген ұстанымын берік негізге алды. Қазақстанның даму жолында, бірінші президент «мен үшін сенімсіз серіктен гөрі, адал қарсыластың болғаны артық» - дей отырып, ел экономикасын бәсекеге негіздеді. Қабылдаған стратегиялық бағдарламалар елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуына бағытталды. Демократиялық даму жолына көшуде, демократиялық басқаруды, заң шеңберіндегі плюриализмді, саналы тәртіпті ұстана отырып, бұқараның ел дамуына жұмыс жасауын талап етті. Соның нәтижесінде Қазақстан даму жолына түсіп, әлемнің саяси сахналарынан көрінді. Сыртқы саясатта шет мемлекеттермен саяси қарым-қатынастарды тең ұстау үшін еліміздің ішкі-саяси топтасуына, экономикалық, әлеуметтік жағдайына көбірек мән беріп, қыруар жұмыстарды атқарды. Еліміздің қуатты мемлекеттердің қатарында көрінуі үшін, айқын бағыттар ұсынып, мықты саяси тұжырымдаманы құжатта айқындады. Яғни, құжат мәні: әрбір азаматтан жауапкершілікті, ауызбірлікті, төзімділікті, абыройды ойлау қасиетін, ашық пікір алысуды, тәуелсіздікті баянды етуде серіктестікті, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді сініруді талап етеді.

Ұлттық құндылықтарды дәстүрлерді, отаншылдықты дәріптеуде – деп, өзінің отанын көзінің қарашығындай қорғап, сақтай білетін бәсекеге қабілетті табиғи байлықтарды халық игілігіне жаратуға күш жұмсайтындай азаматтарды даярлау мақсатын қойды.

Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып әлемдік қауымдастықтардың беделді мүшесі деңгейіне жетуіне – бұл нақты іс жүзінде асырылған ішкі саясат, басты басымдықтар экономика, әлеуметтік саясат мемлекеттің ролі екендігі анық. Қазақ халқына «Мәңгілік ел» идеясы патриоттық сезімдердің, отан сүйгіштіктің мәнін барынша түсіндіруге бағытталған доктрина [1]. Мемлекетімізде қабылданған бұл тарихи саяси құжаттың маңызы артпаса, кемімейді. Өйткені, халық игілігіне қызмет жасайтын әрбір азамат бойынан, отанға деген сүйіспеншілік сезімі басты орында тұруы қажет. Қазақ елінің азаматта-

ры «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінің ұлтаны бол» деген қазақ даналығын естен шығарып алмауға тиісті. Алпауыт елдердің көлеңкесінде қалып қоймауымыз үшін өз елімізді, жерімізді, халқымызды байытуға бар күш жігерін жұмсайтын мықты, сапалы мамандарды топтастырылуы күнделікті кезек күттірмейтін мәселе. Ол үшін әркімнің болашақтағы игілігі өз қолында екенін санасына сіңіруі тиісті. Бұл саяси құжатта баса айтылған мәселе, экономиканың тірегі ретіндегі шағын және орта кәсіпкерлікті барынша дамытып қолдау көрсету және кәсіпкерлікті дамыту арқылы әрбір адамның жақсы өмір сүруін, ауқатты болуын қамтамасыз етуді мақсат етуде. «Бар айласы, бас пайдасы», «Бөліп алда билей бер» деген қағиданы басшылыққа алып, баюдың жолы осы екен деп көзсіздікке ұрыну емес, экономикалық реттілікті, құқықтық міндеттерді, саналы тәртіпті ұстана отырып, елдің әл-ауқатын көтеруге ат салысу. «Мал – жан аман ба?» деп сұрайтын қазақ философиясы кез-келген отбасының әлеуметтік мәнін, оның материалдық игілігін ұғындырады [2, 311-б.]. Отбасының қамқорлығын, игілігін ойлаған әрбір азамат Отанның да қамын ойлап тәрбиеленеді, өйткені «отаншылдық от басынан» басталады. Бабалар тарихына көз жүгіртсек, қазақ басына зобалаң туған кезеңде елдің қамын ойлаған батырларды, билерді, хандарды халқы құрметтеп, есімдерін алтын әріппен тарихта жазды. Тарихи оқиғаларды таразыласақ, сол зұлматтың бірі «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» оқиғасы, жоңғарлардың қазақ жеріне ойран салғанда, ойнақтаған атымен «Абылайлап» ұран салып, қазақ қолын бастаған Абылай хан елдің құрметіне бөленіп, хан тағына отырды емес пе? Ата дәстүрде хан тағына хан ұрпақтары отыруға тиісті киелі орынды, Орта жүз ханы Әбілмәмбет елін жанын бере қорғаған Абылайға сүйіспеншілікпен ұсынды емес пе? Бұл бір ғана мысал сондай батырлар ел қорғауда қазақ тарихының бір тарихи шежіресіне айналды. Атай берсек, Жанқожа, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Бұқарбай, Есет, Райымбек т.б. [3, 91-б.]. Сондықтан да елбасының бүгінгі «Мәңгілік ел» тұжырымдамасы құндылықтар бағдарламасын қалыптастыратын, идеологиялық, патриоттық акті болып табылады. Бұл доктрина көзінде оты бар, жүрегінде отаншылдық рухы бар пейілі қазақтың кең даласына сыйған, тепсе темір үзетін, қазақ азаматтарының патриоттық рухын асқақтату. Жана Қазақстан экономикасының берік экономикалық негізін қалайтын азаматтарды көбірек тарту. Осы құжат арқылы бай, ауқатты кәсіпкерлікті дөңгелетіп отырған азаматтардың рухани, діни құндылықтарыда тыс қалмауын қаперіне салып отырды. Дамыған Европа елдеріндегі «меценаттар» деп дәулетті жомарт жандарды діни, рухани құндылықтарды жоғары бағалайтын ауқатты топтарын айтты. Олар қоғамның келеңсіз жақтарын дөп тауып соларды болдырмаудың жолында өз қаржыларын жұмсап жатады. Содан болар үлкен алпауыт ел Америка Құрама Штаттарында жетім балалар үйінің жоқтығы...

Ол халықтың билікке сенімсіздігі, заңдардың толық жүзеге аспауы, сыбайлас жемқорлықтың кең өріс алуы, сот және құқық органдарының жауапсыздық, білім беру орындарының бизнес орталықтарына айналуы т.б. Қазақстанның мемлекеттік қызметін меритократия, адалдық және тиімділік принциптері бойынша жаңарту, адам ресурстарын дамыту, ғылым білімнің сапалы дамуын қамтамасыз ету – бүгінгі отаншыл, ұлтжанды өз ұлтын, өз тарихын, өз дәстүрін сүйетін, құрметтей, бағалай білетін азаматтардың қолында. Бұл да салмақты таразыланған құнды құжаттың бағыты. Бұл жерде айтылатын мәселе, саяси элита мен бұқара алшақтай түссе елдің даму механизмі де тоқтайтындығын еске салып отыруымыз керек.

Ұлы Абай “өз елінің, өз ұлтының жанашыры нағыз патриот, халықшыл ағартушы өркениетке жетудің жолы білімде” – деп қазақ баласын білім алуда «бар малыңды сарп ет» -деп үйретті. Вестернизация ықпалы ұлттық құндылықтарға қауіп төндіріп, рухани азып тозуға бағытталған алмағайып кезеңде, өз ұлтымыздың «генетикалық кодын» мықтап сақтауымыз үшін, отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерді дәріптейтін бұл тұжырымдама маңызды, құнды идеологиялық құжат болып табылады [4].

Айта кетер жәйт, қоғамда саясатта, экономикада, ұйымдастыруда көп олқылықтар, бұрмалаушылықтар үгіт – насихат жұмыстарының кең көлемде жүргізілмеуінен орын алып жатады.

Ел президентінің жыл сайынғы жолдауында да салмақты, мақсаты мүддесі бар әсіресе өсер ұрпаққа бағытталып жасалған құнды құжаттардың маңызы айтылады. Әсіресе жаһандық қауіп – қатерлерден сақтану жолындағы жауакершілікті әрбір адам патриоттықпен сезінуі қажет деп есептейді, ол тарихтың сабағы.

Осындай саяси, тарихи маңызы бар құжаттарды талқылауда, талдауда елдің «тандаулы» тобын құраған абзал азаматтардың саны артып келеді. Әсіресе, қоғамның қозғаушы күші жастардың көп бөлігін қамтып отырған білім институттарында, қазақ елінің болашағын қамтамасыз ететін мәні бар құжаттарды насихаттағанда баршамыз атсалысуымыз қажет

Библиографиялық тізім

1. <https://strategy2050.kz/> «Мәңгілік ел – патриоттық акт»
2. Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортега ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ 9-басылым]. ULTTYQ

AYDARMA BIYROSU QOG'AMDYG QORY Г Э В 0 Астана 2018. - 311б. (РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ «Жана гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылды)

3. Қазақстан тарихы, лекциялар курсы, редакциясын басқарған тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.С.Қаражан, Алматы «Қазақ университеті», 2020, 91б.
4. <https://strategy2050.kz/> «Мәңгілік ел – патриоттық акт»

Проблема развития профессиональной и коммуникативной компетенции студентов в вузе

Сеитова Н.А., Казахский университет технологии и бизнеса, 1 курс, г.Астана

Научный руководитель – **Алматова А. К.**, преподаватель, г.Астана

Түйін: Мақалада болашақ мамандардың коммуникативті дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыру саласындағы зерттеулердің маңыздылығы туралы дәлелдер келтірілген, коммуникативті дағдыларды дамыту әдістері келтірілген.

Summary: The article provides an argumentation of the importance of research in the field of formation of communicative skills and competencies of future specialists, presents methods for the development of communicative skills.

Общекультурная коммуникативная компетенция характеризует в казахстанской системе высшего образования проблему занятости молодежи и является актуальной, в отличие от европейских стран, где рыночные отношения насчитывают более ста лет [1]. Реалии времени влияют на нарастание требований к выпускникам, уровню квалификации, умениям и навыкам. Невзирая на то, что разговоры о значении общения у студентов могут показаться заурядными, стоит все же уделить ему особое внимание. Это будет содействовать лучшему пониманию необходимости грамотного взаимодействия с другими людьми в реальном мире и поможет лучше понять, что влияет на развитие коммуникативных способностей. Исследование по развитию коммуникативных способностей является актуальным, поскольку развитие коммуникативных способностей будет способствовать не только образовательной сфере, но и развивать студентов как личность.

Коммуникативные навыки жизненно важны и необходимы для формирования круга общения, дружеских встреч, знакомств и ведения переговоров, приобретения товаров и услуг, заключения деловых контрактов и коммерческой деятельности, выстраивания продуктивных взаимоотношений, урегулирования конфликтов и нахождения взаимопонимания с другими. К сожалению, сейчас больше становится студентов с эмоциональными проблемами, находящихся в состоянии аффективной напряженности [2]. И если человек не умеет общаться, на своем жизненном пути он столкнется с большим количеством проблем и сложностей, как в личной жизни, так и в профессиональной сфере.

Проще говоря, коммуникативные навыки составляют обособленный поведенческий комплекс, который способствует каждому из нас:

- вступить в контакты;
- вызвать интерес у собеседника;
- поддерживать связь;
- сохранить отношения;
- обосновывать свои мысли;
- защищать свои интересы;
- урегулировать конфликты;
- использовать невербальные средства общения;
- защищаться от манипуляций;

- понимать мотивы действия реакции других.

О теме важности и значения в жизни умения общаться много написал известный писатель, бизнес-тренер Ицхак Пинтосевич. Вот что он говорит:

Как нам известно, существует несколько видов коммуникативных навыков:

- информационно-коммуникационные способности, отвечающие за начало, ведение и завершение разговора, а также привлечение внимания собеседника и использование вербальных и невербальных средств общения;
- аффективно-коммуникативная способность, которая помогает замечать эмоциональное состояние собеседника и правильно на него реагировать, а также проявлять отзывчивость и уважение к партнеру;
- нормативно-коммуникативные способности, позволяющие помочь собеседнику в процессе общения и использовать лучшие способы разрешения конфликтных ситуаций; эта же способность позволяет человеку принимать помощь от других.

В отношении основы коммуникативных способностей, то она включает в себя множество звеньев, среди которых:

- социальное восприятие (связано с восприятием, пониманием и оценкой себя, других людей и социальных групп);
- гностические навыки и рефлексия (связанные с осознанием, систематизацией и передачей информации);
- когнитивные навыки (связаны с характеристиками памяти, мышления и внимания);
- интерактивные навыки (связанные с «самоотдачей» и умением «настраиваться» на собеседника);
- волевые качества;
- восприятие и интерпретация вербальных и невербальных сигналов;
- способность понимать подтекст и контекст;
- умение использовать системы знаков для решения различных коммуникационных задач и т.д.

Можно узнать, в какой мере развиты социальные и коммуникативные навыки студента, в какой степени он активно, энергично и всегда поддерживает контакты с другими людьми, насколько велик круг его общения, насколько оперативно он решает сложности общения и некоторые другие показатели.

Совершенствование коммуникативных навыков формируется в детстве и зависит от многих факторов, таких как нестандартность воспитания, микроклимат в семье, мировоззрение и другие важные вещи. В противном случае, когда человек не получает определенного коммуникативного опыта, во взрослом возрасте он может быть замкнутым и незащищенным.

Детальный анализ публикаций Н.А. Логиновой, специализированной литературы (Л.И. Антропова, В.И. Муляр Р.Р. Закиров, Ветошкина, И.Ф. Исаев, и др.), а также изучение наблюдений по диагностике уровня подготовленности молодых специалистов вузов Казахстана к коммуникативной деятельности, позволяет выделить существенные недостатки в формировании коммуникативных умений. Но даже для людей с трудностями в общении всегда есть выход из ситуации, потому что развитие социальных и коммуникативных навыков доступно в любом возрасте. И здесь самое время поговорить о том, какие средства существуют для развития коммуникативных навыков. Самое простое, обыденное толкование умений — это «знания в действии». Психология, определяя понятие «умения», подчеркивает, что это подготовленность к теоретическим и практическим действиям, выполняемым быстро, точно и сознательно, на основе усвоенных теоретических знаний, навыков и жизненного опыта. К.К. Платонов дает следующее определение слову «умения» — это готовность выполнять определенную деятельность или действия в новых условиях, образовавшихся на основе ранее приобретенных знаний и навыков.

Знания, умения и навыки, приобретаемые осознанно в ходе работы над личностно значимой проблемой, быстро присваиваются и закрепляются студентом, превращаются в его активный запас академических знаний и практического опыта и в дальнейшем легко переносятся на другие виды работы [3]. Легко заметить, что развитие коммуникативных навыков не требует титанических усилий или каких-либо особых способностей. Самостоятельно научиться общаться — это полностью под силу любому психически здоровому человеку. Нужно только применить приведенные выше рекомендации. Однако средства развития коммуникативных навыков ими не ограничиваются. Особую популярность получают так же современные образовательные технологии: участие в профессиональных форумах и конференциях, обучение «на рабочем месте», коучинг, наставничество, консалтинг, сторителлинг, стретчинг и т.д. [4].

В целом, можно сделать вывод, что работа по формированию коммуникативных навыков у студентов, способствует формированию в будущем навыков общения с коллегами, руководством, а также осознанию значимости своей будущей профессиональной деятельности.

Библиографический список

1. Иванова С.В. Профессиональное образование и занятость молодежи- глобальная проблема XXI в. //Педагогика. — 2013. — С. 43-51.
2. Фельдштейн Д.И. Глубины изменения современного детства и обусловленная ими актуализация психолого-педагогических проблем развития образования [Электронный ресурс] — С. 45.
3. Семенова Е.В. Дидактическая игра в процессе формирования коммуникативных умений. — М.: МГУ, 2008. — 148с
4. Резникова Р.А., Резников К.С. Использование информационно-коммуникационных технологий в формировании профессиональных компетенций будущего специалиста// Вестник московского государственного университета печати. -2015. — №1.- С.105-109.
5. Логинова Н.А. Антропологическая психология Б. Г. Ананьева // Вопросы психологии. 2007. № 5. С. 127—137.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАҢУ - БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

А.Ж. Бижанова, Қазақ технология және бизнес университеті, заң ғылымының магистрі, колледж оқытушысы, Астана қ.

Резюме: *С помощью современных технологий в образовании рассматривается новая образовательная парадигма как средство реализации. Тенденции развития образовательных технологий напрямую связаны с гуманитарным образованием, позволяющим осуществлять самопознание и саморазвитие человека.*

Summary: *With the help of modern technologies in education, a new educational paradigm is considered as a means of implementation. The trends in the development of educational technologies are directly related to humanitarian education, which allows self-knowledge and self-development of a person.*

”Білім беру технологиялары”, ”педагогикалық технология” терминімен қатар ”оқыту технологиялары” термині қолданылады. Оның біріншісі көлемді болып келеді. Өйткені, білім беру технологиясында оқытушының, үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құрумен байланысты болатын тәрбиелік аспекті бар. Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру, әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі) қарастырылған.

Нақтылы педагогикалық процесті талдап жүзеге асыруды, оқыту технологиясын жобалау процесі деп атауға болады, оның құрылымын төмендегідей анықтайды:

- оқу жоспары және бағдарламасына сай оқытудың мазмұнын таңдау;
- оқытушы бағдарлай алатын оқытудың басымды мақсатын таңдау, яғни жобалау барысында білім алушыларда қандай кәсіптік және тұлғалық сапа қалыптасады, міне соны анықтау;
- мақсаттарға немесе басымды бір мақсатқа негізделіп оқыту технологиясын таңдау;

- оқыту технологиясын талдап жасау.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқасы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;
- сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;
- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің бейімделу принципі;
- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;
- мінез–құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;
- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;
- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. "Педагогикалық технология" оның ішінде "оқыту технологиясы" ұғымынанықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

-іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды жоспарлау;
-оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық процесін "бағдарламалау".

-алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру. М. Чошанов оқыту технологиясы негізінен педагогикалық процестегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біздер оны: біріншіден, оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту процесін нәтижелі етіп оқытудағы процес деп білеміз.[1]

Жалпы "Педагогикалық технология" түсінігі қаншалықты қолданыста болғанымен, ол жөніндегі түсінік ұғынықтық болмаған. Білім берудің қазіргі кездегі практикасында бұл ұғым стандартты емес ғылыми көріністерде ереже ретінде қолданылып, педагог жұмыстарының өндірілген әдіс-тәсілдерін, құралдарын білдіреді. В.П. Беспалько технологияны түсіну үшін ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттің өндірушілік белгісіне көңіл аудару қажеттігіне зейін аударады, әлеуметтік тұрғыдан бұл белгі, технологияның басқа белгілерінен

оның жалпылық сипатымен байланыстылығын сипаттайды. Қазіргі білім беру технологияларын Г.К. Селевко технологияның классификациялық параметрлері тұрғысынан: қолдану деңгейі, негізгі дамыту факторы, меңгеру тұжырымы, жеке тұлғаның құрылымына бағдарлау, мазмұн сипаты, басқару типі, ұйымдастыру формалары, балаға ықпал ету тәсілдері, әдістердің басымдылығы, жетілдіру бағыттары, оқушылар категориялары бойынша нақтылап көрсетеді.

Ш.Т. Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған.

Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту;
- деңгейлік саралап оқыту;
- міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік оқыту технологиясы;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
- оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту.

Сондай-ақ Қазақстандық ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының ерекшелігі:

- үнемі қайталау;
- ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану;
- жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- ізгілік;
- зорлықсыз, еркімен оқыту;
- әр оқушының табысының жариялылығын түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;
- оқыту мен тәрбиелеуді біріктіру.

Сондай-ақ әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе - оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік - экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай - ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі - рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі

айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.[2]

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытқындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің

1. Ибраимова С.Ж., Қасымова С.Б. «Қаржы». Оқу құралы – Нұр-Сұлтан, 2020. - 105 б.
2. ҚР Ұлттық Банкінің ресми ақпараттық сайты// <https://www.nationalbank.kz/ru>
3. ҚР-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпараттық сайты// <https://www.gov.kz/>

САЛЫҚ – ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Исаев Н.П., Қазақ технология және бизнес университеті,
магистр, аға оқытушы, Астана қаласы

Резюме: В статье рассматривался налоговое регулирование экономики Казахстана, особенности развития налоговой системы в нашей стране и решение путей проблемы налоговой системы.

Summary: This article deals with the tax regulation of the economy of Kazakhstan and particularities of the development of the tax system in our country and decision of the ways of the problem of the tax system.

Салық барлық елдерде олардың қоғамдық-экономикалық құрлысы мен саяси іс-бағытына қарамастан ұлттық мемлекет, кірістерінің негізгі көзі – ұлттық табысты қайта болудің басты қаржылық құралы, мемлекеттің кірістерін және бюджеттің кірістерін қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады. Салықтарда мемлекеттің экономикалық мазмұны нақты түрде көрінеді, ал салықтардың әлеуметтік-экономикалық мәні олардың түрлері мен рөлі қоғамның экономикалық құрлысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Салықтарға экономикалық әдебиеттерде әр түрлі анықтама мен түсініктеме берілген. Мәселен, Ф. Аквинский «Салықтар – ұрлықтың рұқсат етілген нысаны» ретінде анықтаса, салық салу теориясының негізін салушылардың бірі А.Смит «Салық – төлеушілер үшін құлшылықтың белгісі емес, бостандықтың белгісі» деп тұжырымдаған. «Салық» ұғымы әр түрлі экономикалық әдебиеттерде әртүрлі қарастырылады. Негізнен көптеген экономикалық әдебиеттерде «салық» ұғымы бюджет қорына белгілі бір көлемде және белгілі бір уақытта түсетін міндетті төлем ретінде қарастырылады.

Салық кодексінде «Салық – мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын бюджетке төленетін міндетті ақшалай жарналар» деп атап көрсетілген.

Мемлекеттік бюджет кіріс бөлігінің едәуір бөлігін салықтар қамтиды. Мысалы, шамамен 2021 жылы 60 пайызды құраған. Салықтар бұл, тұрақты және сенімді қаржы көздері болып табылатындықтан ел экономикасын реттеуші құрал сипатына ие болды. Мемлекет экономиканы салықтық реттеу салық саясаты арқылы іске асырады.

Салық саясаты дегеніміз – мемлекеттің салық және салық салу саласында жүргізіп отырған іс-шараларының жиынтығы. Салық саясаты салық жөнінде іс-шаралар жүйесін білдіреді. Салық саясатының мазмұны мен мақсаттары қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты.

Әлемдік тәжірибеде салық саясатының негізгі үш типі бар.

1.Максималды салық саясаты – не алуға болса соның бәрін алу принципіне негізделеді. Мұндай саясат кезінде мемлекетке салық қақпаны дайын тұрады себебі салық түсімдердің жоғарылауы мемлекеттік табыстардың ұлғаюына әкелмейді. Шетел ғалымдары шекті салық ставкасы – 50 пайыз деп тұжырымдайды. Егерде салық ставкасы, салық төлеуші табысының 50 пайызынан асып кетсе, онда ол өндірістің тоқтап қалуына соқтырады.

Егер салық ставкасы, салық төлеуші табысының 40-50 пайыз аралығында болса, онда жай, ұдайы өндіріске әкеледі.

Егер салық ставкасы, салық төлеуші табысының 30-40 пайыз аралығында болса, онда ұлғаймалы ұдайы өндіріске әкеледі.

2.Қалыпты салық саясаты жақсы салық климатын жасай отырып, табыстардың өсуіне, дамуына қолайлы әсер етеді. Табыстар салық салудан максималды деңгейде босатылады, бірақ салықтар түсімдердің қысқаруынан ол әлеуметтік құқықтардың шектелуіне әкеп соғады.

3.Салық салудың жоғары деңгейін белгілейтін, бірақ едәуір әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуді қарастыратын салық саясаты. Салықтық түсімдер әртүрлі әлеуметтік қорлардың көбеюіне бағытталады. Бірақ мұндай экономика инфляцияның жоғарылауына әкеледі.

Ресей зерттеушісі С.Г.Пепеляевтің пікірінше «салық саясаты – бұл салықтық қатынастардың қатысушыларының өздерінің құқықтары мен міндеттерін орындау барысындағы стратегиялық бағыт және тактикалық әрекеттері, ол салық салуға тікелей немесе жанама қатысы бар сол және басқа елдің заңдылық актілерінің жиынтығында бекітілген». Біздің мемлекетіміздің саясатының басты стратегиялық бағыты болып әлеуметтік экономикалық дамудың проблемасы болып табылады. Өндіріс дамуының көрсеткішін, оның тиімділігін, халық өмірінің материалдық көрсеткіші және сапасының өсу мүмкіндігін дәл осымен байланыстырады. Қоғамдық дамудың қазіргі кездегі сатысы Қазақстан Республикасы тарихында өте маңызды орын алады және терең трансформациялық үрдістерімен ерекшеленеді. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту кезінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуына әсер ету мүмкіндігі әрине, өзгереді. Қазақстан экономикасының басты негізін өзгерткен соңғы жылдардағы әлеуметтік-саяси реформалар бұрынғы мемлекеттік құрылу жүйесін, мемлекеттің іс жүзіндегі қызметін қамтамасыз ететін ақша қаражаттарының болуы және пайдалануын жойып жібереді.

Экономикадағы реформалар. Оның нарықтық экономикаға көшуі, әрине, Қазақстанда өзінің салық жүйесін құруды талап етті. Сонымен қатар, салық саясатында мемлекеттің өзіндік қасиеті де көрінеді. Мемлекет салық механизмін пайдалана отырып, салық саясатын өзгертуде экономикалық дамуды ынталандыруға және оны сақтап қалуға үлкен мүмкіндік алады. Салық саясатын жалпы салық саласында мем-

лекеттің жүргізетін шаралар жүйесі ретінде қарастырады. Бұл прогресс ұзақ уақыт алуына байланысты Қазақстан Республикасында салық саясаты біртіндеп құрылды.

Әрбір мемлекет өзінің даму кезеңдерінде саяси және әлеуметтік-экономикалық іс-әрекетін жүзеге асыру барысында белгілі бір экономикалық саясатты негізге алады. Салықтың ставкаларын, салық жеңілдіктерін бекіткен кезде оларды ғылыми негізде дәлелдеп шектен тыс асыра бермей белгілі бір деңгейде ұстау керек.

Салықтық реттеудің ең маңызды көздері болып жеңілдік пен ставка саналады. Бірақ, бұл жеңілдіктер мен ставкаларды шамадан тыс жоғары мөлшерде белгілеу немесе көбейту кейбір жағдайда экономиканың өсуіне емес, құлдырауына әкеледі.

Экономикасы дамыған елдердің барлығы өздерінің даму кезеңдерінде экономикалық реттеудің ішінде салықтық реттеудің маңызының зор екенін дәлелдеді.

Бүгінде еліміздің салық жүйесінде кейбір мәселелер кездеседі. Мысалы:

- салық мәдениетін көтеру;
- салық бақылауының тиімділігін арттыру;
- салық заңнамасын оңайлату.

Салық мәдениетін көтеру үшін келесі шаралар жасалуы қажет:

- БАҚ-да мемлекеттің жүргізетін салық саясаты, оның маңызы мен қоғамның дамуы үшін басым бағыттары туралы жариялау;
- Қолданыстағы салық салу жүйесі туралы буклеттер, анықтама жүйелері және кәсіби салық кеңесшілері арқылы ақпарат тарату.

Салық бақылауының тиімділігін арттыру үшін келесі шаралар жасалуы қажет:

- салық бақылау рәсімін жетілдіру және оңайлату;
- мемлекеттік, өзге уәкілетті органдардың шет мемлекеттердің құзырлы салық органдарымен өзара әрекет ету тиімділігін арттыру;
- салық бақылауы рәсімін автоматтандыру;
- жүйелі түрде салық салудан жалтаруда қолданылатын жаңа тәсілдер мен схемалар анықтау және олардың тууына ықпал ететін себептерді жою аясында әрі қарай шаралар енгізу.

Салық заңнамасын оңайлату үшін келесі шаралар жасалуы қажет:

- салықтарды есептеуді оңайлату;
- салық есептілігі нысандарын оңайлату.

Аталған, шаралар жүзеге асырылатын болса, салық базасы артып, шаруашылық жүргізуші кәсіпорындардың жемісті қызмет атқарып, салықтық бұзушылықтар саны азаятын еді. Өйткені, салық төлеушілердің арасында салық салу механизмін терең түсіне бермейтін субъектілер саны әлі де болса азайған жоқ.

Библиографиялық тізім

1. Қалыбекова Д.Б. Салық және салық салу. Оқу құралы – Алматы: Экономика, 2012. ISBN 978-601-225-423-5
2. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. ISBN 978-601-225-296-5
3. Кучукова Н.К., Керімбек Ғ.Е. «Салықтық-бюджеттік жоспарлау»: оқу құралы – Алматы: Экономика, 2016. ISBN 978-601-225-882-0

ШАҒЫН БИЗНЕС СУБЪЕКТИЛЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ

Исаев Н.П., аға оқытушы,

Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қаласы

Резюме: *Глобализация экономических отношений наряду с развитием крупного бизнеса, участвующего в мировой торговле, иностранном предпринимательстве и научно-технического развитии охватывает также субъектов малого бизнеса.*

Summary: *Globalization of economic relations alongside with development of the large business, participating in world trade, foreign enterprise and research development covers also the subject of the small business.*

Экономиканың ғаламдануы ұлттық сипатпен шектелмейтін, барлық бизнес сияқты әлемдік саудаға, шетелдік кәсіпкерлікке және ғылыми-техникалық айырбасқа қатысу арқылы халықаралық аренаға шыққан шағын бизнес субъектілерін де қамтиды. Қазіргі жағдайларда кәсіпкерлікті белсендіру нақты бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін экономиканың құрамдас элементі болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет экономиканы ынталандыруға және тиімді нарықтық механизмді қалыптастыруға қадам жасауға мүмкіндік береді.

Шағын бизнес – бұл серпінділік, икемділік, өнім номенклатурасын қарқынды ауыстра білу, технология және басқа да қызмет көрсету салаларында жаңалықтардың енгізілуін тез қабылдай білу қабілеттілігі бар сала. Басты ерекшелігі – ұжымдық еңбекке, жұмысқа ынталану, пайда мен жұмысбастылықты сақтап қалу сияқты жұмыстың максималды нәтижесіне жаппай қызығушылығы. Шағын кәсіпорындардың негізгі ерекшелік бағвтары:

- жоғары мөлшердегі капитал салымдарын қажет етпейді;
- тұтқну тауарлары мен қызмет көрсету өндірісін кеңейтеді;
- тұрғындардың өмір сүру деңгейін теңестіруге көмек көрсетеді;
- өндіріске еңбек, материал және қаржы ресурстарын тартады;
- өндіріс демонополизациясын жеделдетеді;
- бәсекені дамытады;
- қоғамның орта табысының негізі болып табылады;
- тұрақтылықтың кепілі ретіндегі меншік иелері табысының құрылуының базасы болады;
- бюджеттік түсімдердің көзі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы» кодексіне сәйкес шағын бизнес субъектілеріне оңайлатылған және жеңілдетілген салық режимдері қолданылады.

Арнаулы салық режимдері мыналарды өзіне кіріктіреді:

- шағын бизнес субъектілеріне арналған режим (патент негізінде арнаулы салық режимі; оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі);
- шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимі.

Арнаулы салық режимдері қолданылатын тұлғаларға салық салу мақсатында салық төлеушінің өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып оның функцияларының бір бөлігін орындайтын, орналасқан жері бойынша тұрақты жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол тұрақты болып есептеледі.

Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің төменде көрсетілген тәртіптерінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы:

- 1) Жалпыға бірдей белгіленген тәртіп;
- 2) Патент негізіндегі арнаулы салық режимі;
- 3) Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.

Арнаулы салық режимін төмендегі тұлғалар қолдануға құқылары жоқ:

- 1) Филиалдары, өкілдіктері бар заңды тұлғалар;
- 2) Заңды тұлғалар филиалдары, өкілдіктері;

- 3) Әртүрлі елді мекендерде өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және салық салу объектілері бар салық төлеушілері;
- 4) Басқа заңды тұлғалардың қатысу үлесі 25 проценттен асатын заңды тұлғалар;
- 5) Құрылтайшысы арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғаның бір мезгілде құрылтайшысы болып табылатын заңды тұлғалар.

Бұл ереже мүлкті жалға беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды. Арнаулы салық режимдері мынадай қызмет түрлеріне де қолданылмайды:

- 1) Акцизделетін өнімді өндіруге;
- 2) Консультациялық, қаржылық, бухгалтерлік қызметтерге;
- 3) Мұнай өнімдерін өткізуге;
- 4) Шыны ыдыстарды жинауға және қабылдауға;
- 5) Жер қойнауын пайдалануға.

Патент негізіндегі арнаулы салық режимін мынадай талаптарға сай келетін дара кәсіпкерлер қолданады: қызметкерлердің еңбегін пайдаланбайтын; жеке кәсіпкерлік нысанындағы қызметті жүзеге асыратындар. Күнтізбелік жыл салық кезеңі болып табылады.

Бюджетке төленген патент құнын, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын аударуды растайтын құжаттар есеп-қисапқа қоса беріледі.

Салық органдары есеп-қисап пен есеп-қисапқа қоса берілетін құжаттар табыс етілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде патент беруді жүргізеді немесе уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша патент беруден бас тарту туралы шешім шығарады. Шешім екі данада рәсімделеді, оның біреуін салық төлеушіге қол қойылып тапсырылады.

Патент кемінде бір ай және он екі айдан аспайтын мерзімге беріледі.

Егер нақты табыс патенттің қолданылу мерзімінің ішінде есеп-қисапта көрсетілген табыс мөлшерінен асып түссе, дара кәсіпкер бес жұмыс күні ішінде асып түскен сомаға қосымша есеп-қисапты табыс етуге және осы сомадан салықтар төлеуге міндетті. Аталған есеп-қисаптың негізінде бұрын берілген патенттің орнына жаңа патент беріледі. Егер патенттің қолданылу мерзімінің ішінде нақты табыс есеп-қисапта көрсетілген табыстың мөлшеріне жетпесе, дара кәсіпкер азау сомасына қосымша есеп-қисапты табыс етуге құқылы. Аталған жағдайда артық төленген салық сомаларын қайтару салық заңдылығында белгіленген тәртіппен салық органы жүргізген хронометраждық зерттеуден кейін жүргізіледі.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану үшін салық төлеуші, орналасқан жері бойынша салық органына салық кезеңі басталғанға дейін салықтық өтінішті табыс етеді.

Қайта құрылған заңды тұлғалар оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдануға арналған салықтық өтінішті салық органына заңды тұлға әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей табыс етеді.

Оңайлатылған декларация салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей табыс етіледі.

Оңайлатылған декларация бойынша есептелген салықтарды бюджетке төлеу жеке (корпорациялық) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей жүргізіледі.

Бұл ретте жеке (корпорациялық) табыс салығы – оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының ½ мөлшерінде, әлеуметтік салық Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына есептелген әлеуметтік аударымдар сомасын алып тастағаннан кейінгі оңайлатылған декларация бойынша есептелген салық сомасының ½ бөлігі мөлшерінде төленуге жатады.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы» Кодексі, 2022 жылдың 1 қаңтары.

2. Қалыбекова Д.Б. Салық және салық салу. Оқу құралы – Алматы: Экономика, 2012. ISBN 978-601-225-423-5
3. Үмбетәлиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу. Оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. ISBN 978-601-225-296-5
4. Кучукова Н.К., Керімбек Ғ.Е. «Салықтық-бюджеттік жоспарлау»: оқу құралы – Алматы: Экономика, 2016. ISBN 978-601-225-882-0

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ

Жумажанова М.Т.- Қазақ технология және бизнес университеті, аға оқытушы, магистр. Астана қ.

Аннотация: В статье затронуты проблемы в области предпринимательства Казахстана, так же рассмотрены государственные программы направленные на поддержку и развитие отрасли.

Summary: The article touches upon the problems in the field of entrepreneurship in Kazakhstan, and also considers state programs aimed at supporting and developing the industry.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі соңғы жылдары Қазақстанда өз атынан, өз тәуекеліне сене отырып, жеке және заңды тұлғалардың пайда алуға бағытталған мүлкітік жауапкершілігіне жүзеге асырылатын ба-
стамашыл, дербес кәсіпкерліктің кеңінен дамығандығымен айқындалады.

Соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытудың жоғары қарқынына қарамастан, экономиканың осы секторының сапалы өсуіне кедергі келтіретін бірқатар мәселелер бар. Атап айтатын болсақ:

- заңнамалық базаның жетілмегендігі - жеке кәсіпкерлік туралы заңнамада ескірген нормалар бар. ШОБ-ты дамытудың бірқатар мәселелері бойынша нақты нормалар жоқ, бұл әкімшілік кедергілердің ұлғаюына және қолданыстағы заңнама нормаларын екі жақты ұғымға алып келеді;

- кәсіпкерлік субъектілерін критериялды анықтау мәселесі - кәсіпкерлік субъектілерін шағын және орта бизнес санатына жатқызу критерийлері әлемдік тәжірибеге сәйкес келмейді. Төмендетілген құн критерийлері экономика мен бизнестің қазіргі даму деңгейіне сәйкес келмейді. Олар Бизнестің жасанды "ұсақталуын" ынталандырады, қолдау шараларының тиімділігін және отандық кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді;

- шағын және орта бизнес өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі - қормен жабдықталу деңгейінің жеткіліксіздігі, негізгі құралдардың тозу деңгейінің жоғарылығы және жаңартылуының төмендігі, сондай-ақ тұтастай алғанда ШОБ секторының төмен технологиялылығы, еңбек өнімділігін, шағын және орта бизнес өнімдерінің экономикалық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Осы кезеңдегі мемлекеттің маңызды міндеті - реттеудің экономикалық әдістерінің тұтас жүйесін құру. Осы мақсатта нарықтық экономикаға көшуді жүзеге асыратын барлық елдер несие және салық жүйесіне түбегейлі реформалар жүргізуде.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында тиімді шағын және орта бизнес – бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын қала мен ауылды дамытудың берік негізі екенін атап өтті. Президент 2020 жылдан бастап дамуы өзгертілген шағын және орта бизнесті қолдауға ерекше назар аударады.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап үш жыл мерзімге шағын, оның ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерге, профилактикалық бақылауға және қадағалауға мораторий күшіне енді.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтері бойынша, мораторий халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңдылық пен қоғамдық тәртіпке, сондай-ақ конституциялық жүйе мен ұлттық қауіпсіздікке тікелей немесе тікелей қауіп төндіретін бұзушылықтардың алдын алуға немесе жоюға бағытталған тексерулерге қолданылмайды. [1].

Сонымен қатар, егер кәсіпкердің өзі өз қызметіне қатысты, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген негіздер бойынша тексерулер жүргізілуі мүмкін. Айта кету керек, мораторий прокурорлық, кедендік, қарсы салықтық тексерулерге, тақырыптық тексерулердің кейбір түрлеріне, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушыларды тексеруге, өнімнің санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасын жүргізумен профилактикалық қадағалауға, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу субъектілерін профилактикалық бақылауға және тексеруге қатысты емес.

Ағымдағы жылы Қазақстанда үш жыл бойы қолданыста болған арнайы салық режимдерін қолданатын және шағын немесе шағын кәсіпкерлік субъектілері деп танылатын салық төлеушілердің табысына салынатын салықты төлеуден босатуға мораторий мерзімі аяқталды. Бұл салық бағдарламасы елдегі кәсіпкерлік қызметтің дамуына үлкен оң әсерін тигізген болатын.

Табыс салығы - бұл корпоративті табыс салығы, жеке табыс салығы, шаруа және фермер қожалықтары үшін бірыңғай жер салығы және жеңілдетілген декларацияда жұмыс істейтін салық төлеушілер үшін әлеуметтік салық. Барлық басқа салықтар мен төлемдер міндеттемелер туындаған кезде төленеді. [2].

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2022 жылы ШОБ-тың ЖІӨ-дегі үлесі 29,5% құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 0,6% - ға өсті. Сонымен қатар, 2022 жылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы 12 662,7 млрд. теңгені құрады. және 2021 жылғы деректермен салыстырғанда 10,8% - ға өсті. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша тіркелген ШОК субъектілерінің саны 1,6 млн. бірлікті құрады, бұл көрсеткіш 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1% - ға жоғары, жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 7,8% - ға өсіп, бұл ретте 1,3 млн. бірлікті құрады. [3].

Жоғарыда аталған бірқатар мәселелерді шешу мақсатында Қазақстанда «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы белсенді жұмыс істейді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты және 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауларының мақсатына қол жеткізуге бағытталған.

Бағдарлама «Мемлекет Басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 772 Жарлығымен бекітілген «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» 2018 жылғы 05 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыруға әзірленді.

Бағдарлама несиелер/қаржылық лизинг шарттары және несиелерге кепілдік беру бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау құралдарын іске асырады.

Бұдан басқа, Бағдарлама Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік гранттар беруді және кәсіпкерлерді оқытуды көздейді.

Бағдарламаның мақсаты өңірлік кәсіпкерліктің орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ қолданыстағы жұмыс орындарын қолдау және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру болып табылады.

Бағдарлама 4 бағытты қарастырады:

1. Моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау.

2. Экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерді салалық қолдау.

3. Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету.

4. Кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары.

Бүгінгі Қазақстанда кәсіпкерлік айтарлықтай қиындықтарға тап болса да, қазірдің өзінде орын алған факт. Ол заңмен қорғалған және дамиды.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл уақыты»
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі».
3. <https://www.primeminister.kz>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІ: ТЕОРИЯСЫ, ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Жұртыбаева И.С., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., 8D04114 «Қаржы» білім беру бағдарламасының докторанты

Ғылыми жетекші – *Бұлақбай Ж.М.*, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., «Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

Резюме: В статье подчеркивается важность региональной политики, реализуемой за счет местных бюджетов в вопросах обеспечения эффективного государственного управления в Республике Казахстан. В свою очередь, в успешном функционировании местных бюджетов рассматривается тенденция развития и отводится важная роль системе межбюджетных отношений между центром и регионами.

Summary: The article emphasizes the importance of regional policy implemented at the expense of local budgets in ensuring effective public administration in the Republic of Kazakhstan. In turn, the development trend is considered in the successful functioning of local budgets and an important role is assigned to the system of inter-budgetary relations between the center and the regions.

2020 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербес бюджеттері жаппай енгізілген сәттен бастап Қазақстанның бюджет жүйесі республикалық және облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер түрінде жергілікті бюджеттердің үш деңгейінен тұратын мемлекеттік бюджеттің төрт деңгейлік жүйесін білдіреді.

Елімізде тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету мәселелерінде жергілікті бюджеттер есебінен іске асырылатын өңірлік саясаттың маңызы зор. Өз кезегінде, жергілікті бюджеттердің табысты жұмыс істеуінде орталық пен өңірлер арасындағы бюджетаралық қатынастар жүйесіне маңызды рөл беріледі.

Қолданыстағы жүйеге сәйкес бюджетаралық қатынастар жалпы сипаттағы трансферттермен (бюджеттік субвенциялар және алып қоюлар), нысаналы трансферттермен (ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері) және кредиттермен реттеледі [1].

Жалпы сипаттағы трансферттер бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге (жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарын теңестіруге) және мемлекет кепілдік берген қызметтерді ұсыну үшін өңірлердің тең фискалдық мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Нысаналы трансферттер жалпы сипаттағы үш жылдық трансферттердің қолданылуы кезеңінде бюджетаралық қатынастарды жедел реттеу құралы болып табылады.

Ағымдағы нысаналы трансферттер – нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудан туындайтын жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу үшін, ал нысаналы даму трансферттері – өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылыммен және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерімен қамтамасыз етілуін теңестіруге бөлінеді.

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі үш жылдық кезеңге арналған заңмен бекітіледі және үш жыл ішінде өзгертілмеуге тиіс.

Бюджеттік субвенциялар мен алып қоюларды 3 жылға бекіту өңірлер үшін ынталандырушы сипатқа ие, өйткені әкімдерге жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін жалпы сипаттағы үш жылдық трансферттердің қолданылуы кезеңінде түскен қосымша табыстарға өз бетінше билік етуге мүмкіндік береді [2].

ЖАО (жергілікті атқарушы орган) болжамнан артық алған кірістері, сондай-ақ жыл басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары олардың иелігінде қалады және республикалық бюджетке алынбайды, бұл жергілікті бюджетке түсетін салықтар бойынша салық базасын ұлғайтуға ынталандырады.

Мәселен, егер 2013 – 2019 жылдары жергілікті бюджеттердің кірістері бойынша болжамды жыл сайын асыра орындау алдыңғы жылға қарағанда орташа есеппен 109,2 %-ды құраса, 2020 – 2021 жылдар кезеңінде алдыңғы жылға қарағанда орташа есеппен 124,5 %-ды құрады.

Жыл сайын жыл қорытындысы бойынша пайдаланылмаған жергілікті бюджет қаражатының қалдықтары болады. 2013 жылдың соңында өңірлердің бюджет қаражатының қалдықтары 98,3 млрд теңгені құрады, ал 2021 жылдың соңында 414,5 млрд теңгені құрады.

Бұл қаражатты өңірлер әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, оның ішінде инфрақұрылымды дамытуға дербес бағыттайды.

Жергілікті бюджеттерге сыртқы факторларға тәуелді емес тұрақты сипаттағы салық түсімдері бекітілген.

Ағымдағы салықтар, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, көлік, мүлік және жер салықтары мен жергілікті бюджетке түсетін басқа да алымдар ЖАО кірістерінің тұрақты көзі болып табылады және экономикалық циклдердің әсеріне аз ұшырайды.

Бұдан басқа бұл салықтар нақты аумаққа бекітілген салық базасынан алынады, оның жиналу деңгейі жоғары. Мұның бәрі жергілікті бюджеттер кірістерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ 2020 жылдан бастап өңірлік экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ шикізаттық емес сектордың шағын және орта бизнесін (бұдан әрі – ШОБ) дамыту арқылы әкімдердің салық базасын кеңейтуге мүдделілігін күшейту үшін ШОБ-тан түсетін КТС түсімдері жергілікті бюджеттерге берілді.

Нәтижесінде 2021 жылы жергілікті бюджеттерге қосымша 304 млрд теңге немесе болжамға қатысты 70,8 % (болжам – 429 млрд теңге) түсті.

Өңірдегі экономикалық белсенділікті арттыру, ШОБ-ты дамыту және бюджет заңнамасын жетілдіру шеңберінде жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту бойынша ЖАО-ның ынталануын күшейту мақсатында ШОБ-тан түсетін КТС түсімдерінің кемінде 50 %-ын облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке бөлудің шекті нормативтерін бекіту көзделген [3].

2021 жылы жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі жетілдірілді, көрсеткіштер мен коэффициенттер олардың өзектілігін және өңірлік ерекшелікті, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталуын есепке ала отырып қайта қаралды.

Өңірлердегі инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйін ескеретін қосымша салалық коэффициенттер енгізілді.

Жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамын айқындау жөніндегі тәсіл қайта қаралды. Есептік база ретінде әрбір өңірдің ағымдағы шығыстарының нақты қалыптасқан деңгейі пайдаланылады.

Мемлекет басшысының бюджетаралық қатынастарды реформалау шеңберіндегі соңғы тапсырмалары аясында ЖАО-ның одан әрі қаржылық дербестігін арттыруға баса назар аударып, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру қажет.

ЖАО-ның республикалық бюджет қаражатына тәуелділігін қысқарту мақсатында салық түсімдерінің жекелеген түрлерін жергілікті деңгейге беру, республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайту тәсілдері пысықталатын болады.

Сонымен қатар жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде бұрын республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түрінде қаржыландырылған шығындарды жергілікті бюджеттердің шығыс базасына барынша беру мәселелері пысықталатын болады.

ЖАО-ның қаржылық дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мақсатында субвенциялар мен алып қоюларды есептеу кезінде де жергілікті бюджеттер базасына нысаналы даму трансферттерін беру және оларды өңірлерге бөлу тәсілдерін қайта қарау ұсынылады.

Нәтижесінде ЖАО-ға өңірлердің республикалық бюджетке тәуелділігін біртіндеп төмендетіп отырып, өңірлік экономиканы дамыту және жергілікті бюджеттер кірістерін ұлғайту үшін қосымша ынталандыру пайда болады.

2022 жылы бюджетаралық қатынастар жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі одан әрі жетілдірілетін болады, оның негізінде келесі 2023 – 2025 жылдарға орта мерзімді кезеңге арналған Заң әзірленетін болады [4].

Сонымен қатар бюджет заңнамасында орталық органдар мен ЖАО-лардың жалпы сипаттағы трансферттердің есептеулеріне берілетін ақпараттың негізділігі, дұрыстығы үшін жауапкершілігін көздеу жоспарлануда.

Бюджетаралық қатынастарды қалыптастыруға ұсынылған жаңа тәсілдерді іске асыру оны жергілікті бюджеттердің бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіру мақсаттарына қол жеткізу тұрғысынан жақсартуға мүмкіндік береді.

Библиографиялық тізім

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі//2008ж., 4 желтоқсан №95-IV;
2. Кучукова Н.К. Финансовые аспекты третьей модернизации экономики казахстана // Монография, Нур-Султан 2020, С. 286-296;
3. Информационно-аналитический обзор к проекту Закона Республики Казахстан «Об объемах трансфертов общего характера между республиканским и областными бюджетами, бюджетами городов республиканского значения, столицы на 2020-2022 годы» // Нур-султан октябрь 2019 г. С. 3-12;
4. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 сәуірдегі №276 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz>.

ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ КАК ОСНОВНАЯ ИНФОРМАЦИОННАЯ БАЗА АНАЛИЗА ЭКОНОМИЧЕСКИХ РЕСУРСОВ КОМПАНИИ

Балисан Т.С., магистрант, Казахский университет технологии и бизнеса, г.Астана

Научный руководитель - *Мукушев А.Б.*, PhD., ассоц.профессор

В современных условиях хозяйствования любая коммерческая организация стремится к извлечению экономической выгоды. Именно это целевая направленность в ее деятельности является существенной в деловой активности организации это же обстоятельство признается важнейшим моментом с точки зрения формирования экономических ресурсов и финансового капитала.

Развитие рыночной экономики и стремление хозяйствующих субъектов к росту прибыльности производства требует все большего понимания последовательному внедрению достижений информационных технологий в части организации и совершенствования учетной системы.

Современный бухгалтерский учет становится ключевой функцией управления предприятием. Он не только фиксирует происходящие хозяйственные процессы и операции, но и ведет активный поиск эффективного использования всех имеющихся ресурсов предприятий и организаций.

Для успешного функционирования организации необходимы различного рода экономические ресурсы: денежные средства, материальные запасы, оборудование и т.п. Эти ресурсы, имеющие стоимостное выражение принято называть средствами. В момент создания организации экономические ресурсы равны сумме капитала, внесенного (выделенного) ее учредителями, или это можно представить:

Экономические ресурсы = Капитал (1)

По мере деятельности организации возникает потребность в привлечении чужих средств. Таким образом, у организации появляются обязательства, а экономические ресурсы рассматриваются как активы (то, чем владеет организация). В следствии этого вышеуказанное уравнение преобразуется в следующее уравнение:

Активы = Капитал + Обязательство (2)

Такое уравнение в мировой практике принято называть балансовым уравнением. Именно данное уравнение и является основой для построения бухгалтерского баланса – стржевой формы отчетности.

Ресурсы компании выступают основополагающей категорией и без которых не мыслимо представить хозяйственную деятельность любой организации, они используются как коммерческими, так и некоммерческими организациями, индивидуальными предпринимателями и домашними хозяйствами.

Обычно в экономических литературах, все чем располагает предприятие и использует в своей производственной деятельности называют имуществом предприятия или активами компании. Исходя из этого, ресурсы, контролируемые индивидуальным предпринимателем или организацией в результате прошлых событий, от которых ожидается получение будущих экономических выгод представляют собой активы. В этой связи применяемые на предприятии ресурсы различны: финансовые (денежные), материальные, нематериальные и другие.

Ресурсы предприятия – это средства, необходимые для осуществления деятельности предприятия. Ресурсы компании подразделяют на следующие виды:

1) ресурсы текущего однократного использования (до 1 года) – денежные средства, дебиторская задолженность, краткосрочные финансовые вложения, запасы;

2) ресурсы длительного пользования (свыше 1 года) – основные средства, нематериальные активы, биологические активы, финансовые вложения, незавершенное строительство, долгосрочная дебиторская задолженность [1].

Одновременно следует отметить, что вышеуказанные ресурсы компании являются ее основным экономическим потенциалом, способствующим ее дальнейшего развития. Исходя из этого обеспечение эффективного функционирования деятельности предприятия требует правильного управления и грамотного использования всех видов ресурсов: денежных, материальных, нематериальных, трудовых и т.д.

Определение обеспеченности предприятия и его структурных подразделений необходимыми ресурсами и уровни их эффективного использования можно получить путем проведения анализа. А полнота и достоверность результатов анализа достигается от степени совершенства бухгалтерского учета, отлаженности системы регистрации всех операций совершаемых в ходе хозяйственной жизни организации.

Для принятия рациональных решений в русле общей стратегии фирмы необходим аналитический инструментарий. Основным источником полезной информации служит финансовая отчетность, которая сто-

рится на основе данных оперативного, финансового и управленческого учета и рассматривает финансово-хозяйственную деятельность компании в целом.

В Законе Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28 февраля 2007 года №234-III ЗРК сказано: «Финансовая отчетность представляет собой информацию о финансовом положении, результатах деятельности и изменениях в финансовом положении индивидуального предпринимателя или организации» [2]

Цель финансовой отчетности общего назначения является предоставления информации о финансовом положении, финансовых результатах деятельности и движении денежных средств компании, полезной для широкого круга лиц пользователей при принятии экономических решений. [3].

Анализ финансовой отчетности проводят сама фирма и ее внешние поставщики капитала - кредиторы и акционеры – инвесторы. Содержание и направление анализа различаются в зависимости от специфических интересов того, кто его проводит.

Информационной базой для проведения анализа финансового положения и использования ресурсов предприятия является его финансовая отчетность, которая строится на основе данных оперативного, финансового и управленческого учета.

Информация о финансовом положении фирмы или предприятия зачастую является решающим фактором для многих ее пользователей в принятии конечного экономического, инвестиционного решения. Финансовая отчетность представляет собой самый важный способ периодического предоставления лицам вне формы информации, собранной и обработанной в бухгалтерском учете.

Главным образом информация о финансовом положении дается в бухгалтерском балансе (балансовом отчете), информация о результатах деятельности – в отчете о прибылях и убытках, информация об изменениях финансового положения показывается с помощью отчета об изменениях в собственном капитале.

Рассмотрение текущего и будущего финансового положения хозяйствующего субъекта, меняющегося под воздействием внешней и внутренней среды и управленческих решений, в целях оценки его финансового состояния и выявления возможности повышения эффективного функционирования с помощью рациональной финансовой политики выступает предметом финансового анализа.

Современный финансовый анализ охватывает достаточно широкий круг вопросов: оценка финансового состояния, анализ финансового положения, анализ ликвидности баланса, анализ финансовой устойчивости, анализ денежных потоков и другие.

Финансовая отчетность служит базой для проведения финансового анализа, с помощью которого заинтересованные пользователи могут принимать обоснованные экономические решения. Глубина и способы финансового анализа зависят от целей, которые ставят перед собой пользователи.

В составе финансовой отчетности стержневая роль отводится бухгалтерскому балансу, в международной практике называющийся «Отчет о финансовом положении». Данная форма отчетности в первую очередь дает информацию об экономических ресурсах компании.

Информация об экономических ресурсах компании и их использовании полезна для прогнозирования показателей деятельности предприятия и оптимизация управления ими при планировании управленческих решений на основе результатов прогнозирования. Такое прогнозирование при определенном варианте управленческих решений должно обеспечить прогноз планируемых показателей на основе использования данных о работе предприятия по производству продукции в прошлом, а также данных об изменении условий деятельности предприятия [4].

Очень важно регулярно отслеживать динамику элементов соотношения постоянных и оборотных активов, так как рост потребности в денежных средствах может быть вызван опережающими темпами роста доли дебиторской задолженности в активах, что чаще всего указывает на замедление оборота текущих активов. Для более углубленного анализа целесообразно исследовать старение счетов дебиторов и изменения в структуре запасов.

Важнейшими из показателей, характеризующих финансовое положение компании, являются его платежеспособность. Данный показатель анализируется для того определить способна ли компания отвечать по своим обязательствам.

Главная цель анализа платежеспособности – своевременно выявлять и устранять недостатки в финансовой деятельности и находить резервы улучшения платежеспособности.

Еще одной формой отчетности, на базе которого можно провести анализ движения денежных потоков выступает Отчет о движении денежных средств. Изучение и проведение анализа данной формы отчетности дает возможность потока денег от различных видов деятельности (операционной, инвестиционной и

финансовой) и принятия управленческих решения, контролирующих распределение денежных средств в компании.

Таким образом, финансовая отчетность компании представляет собой важный информационный источник в бизнес-среде, с помощью которого проводится анализ экономических ресурсов, обеспечивается принятие разнообразных решений как управленческого, так и инвестиционно-финансового характера.

Библиографический список

1. Исраилов М.И. Бухгалтерский финансовый учет: учебник для студ.вузов, обучающихся по спец. «Бухгалтерский учет, анализ и аудит». – Б.: «Турар», 2012. – 594с.
2. Закон Республики Казахстан «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 28 февраля 2007 г.№234-III
3. Султанова Б.Б. Финансовый учет: учебное пособие/ Б.Б.Султанова, Ж.А.Абишева, Ф.М.Тулегенова. – Алматы:Қазақ университеті, 2015. - 491 с.
4. Аманова Г.Д. Экономический анализ: учебное пособие / Г.Д.Аманова. – Алматы: ССК, 2020. - 312с.

Главный редактор
С.Н.Байбеков – Президент-Ректор

Заместитель главного редактора
С.А. Алтынбек – проректор по научной работе и внешним связям

*Верстка на компьютере: Ундасынов Р.Е., Сапақбаева А.А., Сатбаева Ж.К.,
Чантуева М.Н.*

Дата конференции: 14.04.2023г

Издание АО «КазУТБ»

Отдел науки и инновационной деятельности

**010000, Астана, Казахстан,
Ул.Кайыма Мухамедханова, 37А
Телефон рабочий: +(7172) 725825 (144)
E-mail: nauka@kaztbu.edu.kz**